# SARYARQA

ЖЕЗҚАЗҒАН 65

29.03.2019

ЖЕЗҚАЗҒАН АЙМАҚТЫҚ ГАЗЕТІ • 1973 ЖЫЛҒЫ 13 СӘУІРДЕН ШЫҒАДЫ

№11 (8125)



SAIASAT — МҰҚТАЖДАРҒА – ҚОМАҚТЫ КӨМЕК — 2-бет

DÚBIR — ОТЫЗ ОТБАСЫ БАСПАНАЛЫ БОЛДЫ — 3-бет

ZERDE — ҚАЗАҚ ҒЫЛЫМЫНЫҢ АТАСЫ — 4-бет

JANAZYQ — «НАЗА» ФИЛЬМІ АСТАНАДА КӨРСЕТІЛЕДІ — 5-бет


# САБАҚТАСТЫҚ САЛТАНАТ ҚҰРДЫ

**Ұлыстың Ұлы күні Наурыз мерекесі қарсаңында еліміздің тарихында елеулі орын алатын тағдыршешті оқиға болды. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев 19 наурызда республикалық телеарналар арқылы Қазақстан халқына үндеу жасап, президенттік өкілеттіктерін тоқтататынын мәлімдеді.**



Нұрсұлтан Әбішұлының бұл шешімі ел халқы үшін де, халықаралық қауымдастық үшін де күтпеген оқиға болғаны рас. Қалың жұртшылық Тәуелсіздік қарсаңында ел тізгінін ұстап, мемлекеттіліктің жаңа жүйесін қалыптастырған, Тәуелсіз елдің шекарасын шегендеп, жаңа астанасын тұрғызған тұлғаның билік басына жаңа буын өкілдерінің келуіне жол ашуды көздеген бұл қадамын да саяси көрегендіктің үлгісі деп қабылдады.

Үндеуін «Құрметті қазақстандықтар, отандастар! Ардақты ағайын! Қадірлі әріптестерім,«Нұр Отан» партиясының мүшелері! Мемлекетіміздің аса маңызды тарихи сәттерінде халқыма үндеу жолдайтынымды білесіздер. Бүгін де баршаңызға үндеу жариялағалы отырмын. Бірақ, бүгінгі үндеудің маңызы зор. Мен Қазақстан Республикасының Президенті ретіндегі өкілеттігімді тоқтату жөнінде шешім қабылдадым. Бұл – оңай шешім емес» деп бастаған Елбасы соңғы 30 жылда еліміздегі ең жоғары лауазымды қызметті атқарып келгенін айта келе, осы жылдар ішінде қол жеткізілген жетістіктерді тілге тиек етті.

«Халқым маған тәуелсіз Қазақстанның Тұңғыш Президенті болу мүмкіндігін берді. Кеңес империясы құлаған сәтте біздің саясатымыз бен экономикамыз құлдырап қалды. Ел ішінде қобалжу мен түсініксіз жағдай орын алды. Ішкі жалпы өнім екі есе қысқарды, азық-түлік пен халық тұтынатын тауарлардың тапшылығы айқын сезілді. Бір мезетте ірі зауыттардың бәрі тоқтап қалды. Дүние төңкеріліп кеткендей көрінді.

Бұл сынақ болатын. Біз одан сүрінбей өтіп, дамудың қазақстандық жолын салуға белсене кірісіп кеттік» деген Нұрсұлтан Назарбаев Егемендік жылдары нарықтық экономика құру, тоталитарлық идеологиялық жүйені бұзу және қоғамның барлық институттарын жаңғырту сынды үштұғырлы міндеттің жүзеге асқанын, нәтижесінде заманауи демократиялық мемлекет – Қазақстан Республикасы құрылғанын атап өтті.

Осы жылдар ішінде экономикамыздың 15 есе, ал халықтың табысы 9 есе (доллармен есептегенде) артып, кедейшілік деңгейі 10 есеге жуық қысқарғаны айтылды.

Елбасы үндеуінде көрініс тапқандай, инвестициялық, кеден, сауда-саттық саясаты жолға қойылып, еліміздің жаңа инфрақұрылымдық діңгегі бой көтерді. Елдің барлық өңірін автомобиль жолдары мен темір жол желісі байланыстырады. Ал, авиация маршруттары әлемнің түпкір-түпкіріне баруға мүмкіндік беріп отыр.

«Біз әлемдегі озық дамыған 50 елдің қатарына қосылдық. 2050 жылға дейінгі даму бағдарламасы әзірленді. Мақсатымыз – озық дамыған 30 елдің қатарына ену. Біз қираған КСРО-ның орнында заманауи нарықтық экономикасы бар, табысты Қазақстан мемлекетін құрып, көпұлтты және көпконфессиялы елімізде бейбітшілік пен тұрақтылықты қалыптастырдық. Көпғасырлық тарихымызда алғаш рет Қазақстан Республикасының халықаралық-құқықтық тұрғыдан мойындалуын қамтамасыз еттік. Мемлекет ретінде бедерленбеген Қазақстанды әлем картасына енгіздік. Біздің өз Туымыз, Әнұранымыз, Елтаңбамыз бар» деді Елбасы.

«Осы жылдарда өткен барлық сайлауларда сіздер маған сенім артып, бастамаларыма қолдау білдірдіңіздер. Маған ұлы халқыма, туған жеріме қызмет ету бақыты бұйырды. Баршаңызға – халқыма зор ризашылығымды білдіріп, басымды иемін.Осындай қолдаудың арқасында сіздердің сенімдеріңізді ақтау үшін мен бар күш-жігерімді, денсаулығымды, уақытымды аямай адал қызмет еттім» деген Елбасы ендігі уақытта Конституция мен ел заңдарына сай өзінің ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы, Қауіпсіздік кеңесінің төрағасы, Nur Otan партиясының төрағасы, Конституциялық кеңес мүшесі болып қала беретінін, президенттік өкілеттілікті атқаруды Парламент Сенатының төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаевқа тапсыратынын жеткізді.

«Әрбір ұрпақтың атқаратын өз міндеттері бар. Мен және менің замандастарым еліміз үшін қолдан келгеннің бәрін жасадық. Оның нәтижелері өздеріңізге белгілі. Әлем өзгеріп, жаңа буын келеді. Бұл – табиғи процесс. Олар өз заманының проблемаларын шешетін болады. Сондай-ақ, елімізді одан әрі өркендету үшін бар күш-жігерін жұмылдыруға тиіс.

Әлеммен бірге біз де өзгеруге тиіспіз. Жас қазақстандықтарға айтарым: тәуелсіз Қазақстанымызды, ортақ Отанымызды, Мәңгілік елімізді сақтай біліңіздер. Бұл – біздің халқымыз, біздің ұлы бабаларымыздың жері. Отанымыз да, жеріміз де бір. Халқымыздың достығы мен бірлігін, бір-бірімізге деген сенімді сақтап, еліміздегі әрбір азаматтың төл мәдениеті мен дәстүрін құрметтей біліңіздер. Сонда ғана біз мықты болып, сын-қатердің бәріне төтеп береміз. Сонда ғана біз өркендейтін боламыз, – деді Тұңғыш Президент.

Тікелей эфирде үндеуін жариялаған Елбасы ҚР Президенті ретінде соңғы әрі тарихи Жарлық «Президент өкілеттігін атқару туралы» №887 Жарлыққа қол қойды. Жарлық бойынша ел Президентінің қалған мерзімдегі өкілеттігін атқару Конституциямыздың 48-бабы 1-тармағына сәйкес Парламент Сенатының Төрағасы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевқа жүктелді.

Келесі күні, яғни, 20 наурызда ҚР Парламент палаталарының бірлескен отырысында,Конституциялық кеңес, Орталық сайлау комиссиясы, барлық орталық мемлекеттік органдардың қатысуымен Президент өкілеттігін атқаруға кірісетін тұлға ретінде Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына ант берді.

Заңда бекітілген тәртіппен Конституциялық кеңес төрағасы Қ. Мәми президент өкілеттілігіне кірісу тәртібін түсіндірген соң Қасым-Жомарт Тоқаев салтанатты жағдайда Қазақстан халқына адал қызмет етуге ант берді. Ант беру рәсімінен кейін Орталық сайлау комиссиясының төрағасы Б. Имашев Қазақстан Республикасы Президентінің куәлігі, кеуде белгісі, байрағы мен «Алтын Қыран» орденін табыстады. Парламент палаталарының бірлескен отырысындағы осы рәсімдерден соң Президент Қасым-Жомарт Тоқаев баяндама жасады.

«Аса қадірлі Елбасы! Құрметті Парламент депутаттары, Үкімет мүшелері! Қымбатты отандастар! Кеше, 19 наурызда, бүкіл әлем жұртшылығы аса маңызды тарихи оқиғаға куә болды. Қазақ мемлекеттілігінің негізін қалаған Ұлы тұлға, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өз еркімен Мемлекет басшысы өкілеттігін тоқтатты. Елбасының бұл маңызды шешімі оның жаһандық деңгейде және тарихи ауқымда танылған саяси қайраткер ретіндегі ұлылығын көрсетті. Бұл шешім – біздің мемлекетіміздің болашағына деген шынайы қамқорлықтың көрінісі. Біз барлық жетістіктерімізге, ең алдымен, Қазақстан Республикасының қастерлі Тәуелсіздігіне Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың қажырлы еңбегінің арқасында қол жеткіздік», – деді өз сөзінде Қ. Тоқаев.

Президент Қ. Тоқаев Тәуелсіздік жылдарында ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасының бастауымен жүзеге асқан қыруар жұмысты жіпке тізіп, Елбасы Н.Назарбаевтың салған жолы әлі де жалғасын табатыны, саяси сабақтастықты сақтауды өзінің басты міндеті санайтынын айтты. Сондай-ақ, ел алдындағы ерен еңбегі үшін Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың есімін ел жадында мәңгі қалдыру мақсатында Қазақстан астанасы Нұрсұлтан қаласы деп аталып, астанада ҚР Тұңғыш Президентіне монумент орнатылуы, облыс орталықтарындағы негізгі көшелер Нұрсұлтан Назарбаев есімімен аталуы керектігін атап өтті.

Сондай-ақ, Қ. Тоқаев өзінің ҚР Президенті лауазымындағы алғашқы шешімімен Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевқа Айрықша ерекшелік белгісі – «Алтын жұлдыз» орденін тапсыра отырып, «Халық қаһарманы» атағын табыс етті.

«Баршамызға ортақ мақсат – Елбасының басты саяси және тарихи мұрасы – мемлекетіміздің Тәуелсіздігін сақтау және нығайту. Президент өкілеттігін өз еркімен тоқтата отырып Нұрсұлтан Әбішұлы бүкіл әлемге демократиялық құндылықтарға адал ұлы саясаткер ретіндегі мемлекеттік көрегендігін көрсетті. Ол дәл осы қасиетімен отандық және әлемдік тарихқа енді. Мемлекетіміз үшін маңызды осы сәтте бүкіл қоғам дамудың демократиялық, әділ, гүлденген Қазақстанды құру идеясы төңірегінде топтасуы керек. Алдымызда ел болашағы үшін атқарылатын ауқымды әрі күрделі жұмыстар тұр.Барлық күш-жігерімді, білімімді Қазақстан игілігіне жұмсауды, халқымызға адал қызмет етуді басты міндет санаймын», – деді Қ. Тоқаев.

Ел Президенті сонымен бірге, Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы туралы» Конституциялық Заңына сәйкес, Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы ретінде қызметін жалғастыртынын, Қауіпсіздік кеңесінің, «Nur Otan» партиясының төрағасы, Конституциялық кеңес мүшесі болып қала беретінін айтты. Елбасының бұдан ары қарайғы қызметіне заңмен белгіленген кепілдіктер мен қызметтік инфрақұрылым қамтамасыз етіледі.

**Дархан МҰХАН**

# ӘДІЛЕТ МИНИСТРІ БАРЛЫҚ РӘСІМДЕР ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ЗАҢНАМАҒА СӘЙКЕС ЖҮРГІЗІЛГЕНІН АЙТТЫ

**Әділет министрлігі Конституцияға өзгерістер енгізу және астананы қайта атау туралы Президенттің Жарлығына қатысты түсініктеме берді.**

23 наурызда ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Конституцияға өзгерістер енгізу туралы Заңға қол қойды. Сондай-ақ Президент Астананы қайта атау туралы тиісті Жарлыққа қол қойды.

Марат Бекетаев Елорданы қайта атау туралы Конституцияға түзетулер толықтай ҚР Конституциясы мен заңдарына сәйкес енгізілгенін тағы да атап өтті. Әділет министрі осы процедураның заңдық қырлары туралы айтып берді.

Әділет министрлігі Конституцияның 91-бабында көзделгендей, астананы қайта атау үшін референдум өткізу туралы мәселені Президенттің қарауына енгізу үшін Жарлық жобасын әзірледі. Бұл ұсынысты Үкімет қаулы түрінде Қасым-Жомарт Тоқаевқа жіберді. Заң бойынша, мұндай жағдайда Президент не оның өкілеттігін өзіне қабылдаған тұлға үш шешімнің бірін қабылдауы тиіс:

1) мәселені Парламенттің қарауына беруге,

2) сұрақты республикалық референдумға шығаруға,

3) Конституцияға түзетулер енгізу туралы ұсынысты қабылдамауға.

Президент бірінші жолды таңдап, мәселені Парламенттің қарауына берді. Жоғары заң шығарушы орган өз кезегінде палаталардың бірлескен отырысында Конституцияға түзетулер енгізу туралы заң қабылдады.

Айта кету керек, Парламент оны Конституцияның 91-бабы 2-тармағының талаптарына сәйкестігі туралы Конституциялық Кеңестің оң қорытындысы болған жағдайда қабылдай алады. Бұдан әрі заң Парламент палаталары спикерлерінің және Премьер-Министрдің қолдарымен бекітіледі және Президентке қол қоюға жіберіледі. Қол қойылған сәттен бастап Конституцияға өзгерістер енгізу туралы заң күшіне енді.

Әділет министрі «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Заңға сәйкес Астананы қайта атау үшін қажетті жұмыс жүргізілгенін, соның нәтижесінде Президент астананы қайта атау туралы Жарлыққа қол қойғанын атап өтті.

Белгіленген рәсімге сәйкес Үкімет Президентке облыстарға, аудандарға, қалаларға атау беру және оларды қайта атау жөнінде ұсыныстар енгізеді. Бұл республикалық ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде және тиісті аумақ халқының, оның жергілікті өкілді және атқарушы органдарының пікірін ескере отырып жүргізіледі.

Ол үшін мәслихаттың тұрақты комиссияларында жария тыңдаулар өткізу жолымен тиісті аумақ халқының пікірі ескеріледі, олардың қорытындылары бойынша хаттама ресімделеді. Бұл жағдайда тыңдаулар 20 наурызда өтті және тиісті хаттама astana.gov.kz сайтында орналастырылған. Тыңдаулар мен хаттама негізінде қалалық мәслихат пен әкімдік республикалық ономастикалық комиссияға тиісті ұсыныс енгізді. Комиссияның қаланы қайта атау туралы оң қорытындысы 20 наурызда алынды.

Әділет министрі қысқа мерзімге қарамастан, барлық рәсімдер қолданыстағы заңнамаға қатаң сәйкестікте жүргізілгенін тағы да атап өтті. Марат Бекетаев елордаға Елбасы – Нұр-Сұлтан есімін беру туралы шешім Қазақстан тарихындағы маңызды оқиға болып табылатынын атап өтті.

# АСТАНАМЫЗ – НҰР-СҰЛТАН

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 23 наурызда ел астанасын қайта атау туралы Жарлыққа қол қойды. Төменде Жарлықтың толық мәтіні жарияланады.**

*Қазақстан Республикасының астанасы – Астана қаласын Қазақстан Республикасының астанасы – Нұр-Сұлтан қаласы деп қайта атау туралы*

*«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына сәйкес* ***ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:***

*1. Қазақстан Республикасының астанасы – Астана қаласы Қазақстан Республикасының астанасы – Нұр-Сұлтан қаласы деп қайта аталсын.*

*2. Осы Жарлық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.*

**Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаев**

Ақорда, 2019 жылғы 23 наурыз № 6

## *Конституциялық кеңес:*

# ЕЛОРДА АТАУЫН ӨЗГЕРТУДЕ ҚАЙШЫЛЫҚ ЖОҚ

**2019 жылғы 20 наурызда «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы заңының жобасын Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігіне тексеру туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық кеңесінің отырысы өтті.**

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі, құрамында Төраға Қ.Ә. Мәми, Кеңес мүшелері А.Қ. Дауылбаев, В.А. Малиновский, И.Д. Меркель, Ә.А. Темірбеков және У. Шапак, өзінің ашық отырысында Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Қ. Тоқаевтың «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес келетіні туралы қорытынды беру өтінішін қарады.

Баяндамашы-Конституциялық Кеңес мүшесі А.Қ.Дауылбаевтың хабарламасын тыңдап, конституциялық іс жүргізу материалдарын зерделеп, заңнаманы талдап, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі

***анықтады:***

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесіне 2019 жылғы 20 наурызда Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер енгізу туралы» Заң жобасының Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес нысанына қорытынды беру туралы өтініші келіп түсті.

«Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасымен Конституцияның 2-бабының 3 тармағы жаңа редакцияда берілген:

«3. Республиканың әкімшілік-аумақтық құрылысы, оның астанасының мәртебесі заңмен белгіленеді. Қазақстанның астанасы Нұр-Сұлтан қаласы болып табылады.».

Конституцияның 2-бабының 3-1 тармақтағы «Астана» деген сөз «Нұр-Сұлтан» деген сөзбен ауыстырылған.

Негізгі Заңның нормаларын өтініш нысанасына қатысты талдап, Конституциялық Кеңес мынаны негізге алады.

1. Қазақстан Республикасы Конституциясының 91-бабының 3-тармағына сәйкес «Республика Конституциясына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар, олардың осы баптың 2-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес келетіні туралы Конституциялық Кеңестің қорытындысы болған жағдайда, республикалық референдумға немесе Республика Парламентінің қарауына шығарылады».

2. Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі 2017 жылғы 9 наурыздағы № 1 нормативтік қаулысында «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен (2017 жылғы 10 наурызда қол қойған) айрықша қорғалатын конституциялық құндылықтар тізбесі кеңейтілгенін атап өтті: «Конституцияда белгіленген мемлекеттің тәуелсіздігі, Республиканың біртұтастығы мен аумақтық тұтастығы, оны басқару нысаны, сондай-ақ тәуелсіз Қазақстанның Негізін салушы, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы іргесін қалаған Республика қызметінің түбегейлі принциптері және Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының мәртебесі өзгермейді» (Конституцияның 91-бабының 2-тармағы). Сол арқылы, өзінің конституциялық мәртебесі мен жеке қасиеттері арқасында егемен Қазақстанның, оның ішінде Негізгі Заңның конституциялық құндылықтары және Республика қызметінің түбегейлі принциптері қалыптасуы мен дамуына шешуші үлес қосқан; Қазақстанның бірлігі, Конституциясы, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары қорғалуын қамтамасыз еткен Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың жаңа тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің Негізін салушы ретіндегі тарихи миссиясы конституциялық жолмен расталады».

Қазақстан Республикасының Конституциясына енгізілетін өзгерістер Қазақстан Республикасы елордасы «Астана» астанасы «Нұр-Сұлтан» деп аталуына орай, Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің Қазақстан халқы алдындағы тарихи рөлін мойындауға және сіңірген ерен еңбегін мәңгі есте сақтауға байланысты мемлекеттің тәуелсіздігі, республиканың аумақтық тұтастығы, оның басқару нысандары мәселелерін, сонымен қатар Тәуелсіз Қазақстанның негізін қалаушы, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті-Елбасы кепілге алған Республика қызметінің түбегейлі принциптерін қозғамайды және Қазақстан Республикасы Конституциясының 91-бабы 3-тармағының талаптарына қайшы келмейді.

Баяндалғанның негізінде, Қазақстан Республикасы Конституциясының 72-бабының 2-тармағын, 91-бабының 3-тармағын, «Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы» 1995 жылғы 29 желтоқсандағы № 2737 Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 17-бабы 4-тармағының 1) тармақшасын, 31-33, 37-баптарын және 41-бабы 1-тармағының 2) тармақшасын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі

***шешті:***

1. «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Конституциясының 74-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің қорытындысы қабылданған күнінен бастап күшіне енеді, республиканың бүкіл аумағында жалпыға бірдей міндетті, түпкілікті болып табылады және шағымдануға жатпайды.

3. Осы қорытынды республикалық ресми басылымдарда қазақ және орыс тілдерінде жариялансын.

**Қазақстан РеспубликасыКонституциялық Кеңесінің Төрағасы Қ. Ә. Мәми**

## SARYARQA-АҚПАРАТ

### ПРЕЗИДЕНТ ӘКІМДЕРГЕ ТАПСЫРМА БЕРДІ

**Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен сәрсенбі күні Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдері қатысқан кеңес өтті.**



Жиын барысында Премьер-Министрдің бірінші орынбасары – Қаржы министрі Ә.Смайыловтың, Премьер-Министрдің орынбасарлары Ж.Қасымбек пен Г.Әбдіқалықованың, Алматы қаласының әкімі Б.Байбектің және Павлодар облысының әкімі Б.Бақауовтың есептері тыңдалды.

Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздегі әлеуметтік-экономикалық жағдайдың тұрақты екенін және мемлекеттік бағдарламалардың дәйекті түрде жүзеге асырылып жатқанын атап өтіп, кейбір бағыттар бойынша жұмыстарды жандандыру қажеттігін айтты.

– Тұңғыш Президентіміз – Елбасының дана саясатының арқасында ең қиын кезеңдерге табысты төтеп беріп, экономиканың өсу қарқынын қамтамасыз еттік және халықтың әл-ауқатын арттырдық. Қазіргі таңда осы қарқынды сақтауды, жұмыс тәсілдерін жетілдіруді және жүктелген міндеттерді сапалы орындауды қамтамасыз ету қажет. Басты мақсат – азаматтарымыздың әл-ауқатын және болашаққа деген сенімін арттыру, – деді Қазақстан Президенті.

Басқосу соңында Мемлекет басшысы экономиканың өсімін, инвестиция тарту ісін қамтамасыз етуге, әлеуметтік тұрақтылықты нығайтуға, өңірлердегі инфрақұрылымдық және экологиялық өткір проблемаларды шешуге, су тасқынының алдын алуға, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын және әлеуметтік саланы қамтамасыз етуге, сондай-ақ, көктемгі егіс жұмыстарына дайындық және оны жүргізу жұмыстарын ұйымдастыруға бағытталған бірқатар тапсырма берді.

Берілген тапсырмалардың бәрін қатаң бақылауда ұстау Президент Әкімшілігіне тапсырылды.

### ДАРИҒА НАЗАРБАЕВА ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕ ТІРКЕЛМЕГЕН

**ҚР Парламент Сенатының баспасөз қызметі сәрсенбі күні осындай хабарлама таратты.**



«Бұқаралық ақпарат құралдарының сауалдарына байланысты Сенаттың Баспасөз қызметі Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы Дариға Назарбаеваның әлеуметтік желілер мен мессенджерлерде аккаунттары жоқ екенін хабарлайды.

Сенат басшысы аккаунт ашқан жағдайда олар тексеріледі және ресми түрде хабарланатын болады» делінген баспасөз қызметі таратқан хабарламада.

### КРЕДИТТІК СЕРІКТЕСТЕР ЖҮЙЕСІ ӨЗГЕРЕДІ

**Ауыл шаруашылығы министрі Сапархан Омаров кредиттік серіктестер жүйесін қайта қаралатынын айтты.**

ҚР Парламенті Мәжілісінің жалпы отырысында «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне агроөнеркәсіптік кешенді реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР заң жобасының бірінші оқылымы өткен болатын.

– Кредиттік серіктестер жүйесін қайта қарау көзделуде. Бүгінде барлық кредиттік серіктестіктер бір ғана қорландыру көзі – бюджетке тәуелді болып отыр. Қаржыландырудың өзге көздерін тарту мүмкіндігі жоқ. Шындығында, кредиттік серіктестіктер қазір тығырыққа тірелді. Егер шара қолданбасақ, олар тоқырауға ұшырайды, – деді С. Омаров.

Министр «Кредиттік серіктестіктер туралы» заңға кредиттік серіктестіктерге орталық несие серіктестігін құруға мүмкіндік беретін түзетулер енгізілетінін атап өтті.

– Орталық кредиттік серіктестіктерге де кредиттік серіктестердің қызметін реттейтін жалпы талаптар қолданылатын болады. Кредиттік серіктестер, орталық кредиттік серіктестер қатысушыларды тарту үшін одан әрі құрылымды тұрақтандыру қорын құру көзделуде. Заң жобасымен кредиттік серіктестік қатысушыларының жалпы жиналысын өткізу тәртібі мен мерзімін нақтылайтын түзетулер енгізіледі. Жоспарланып отырған өзгерістер кредиттік серіктестіктерге, агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне несие беру үшін бюджеттен тыс қосымша қаржы тартуға мүмкіндік береді, – деді Ауыл шаруашылығы министрі.

### ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ КҮШТЕРІ ЕЛОРДА АТАУЫНЫҢ ӨЗГЕРУІН ҚОЛДАДЫ

**Қарағандыдағы Достық үйінде «Қазақстан – 2050» Демократиялық күштердің Қарағанды облыстық коалициясының отырысы өтті. Оған қатысушылар ел астанасы атауының өзгеруін талқылады.**
**Бұл туралы облыс әкімдігінің баспасөз қызметі хабарлады.**

Отырысқа «Nur Otan» партиясының және басқа да жетекші саяси партиялардың өкілдері, Демократиялық күштердің өңірлік Коалициясының мүшелері, Қарағанды облысы Қазақстан халқы Ассамблеясының өкілдері, кәсіпкерлер, ҮЕҰ қызметкерлері және қоғамдық пікір көшбасшылары қатысты.

Жиналғандар Елбасының Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуындағы рөлі туралы айтты. Демократиялық күштердің өңірлік коалициясының Астананы қайта атау туралы үндеуі талқыланды.

– Біз сіздермен бірге елімізде болып жатқан тарихи оқиғалардың куәгерлері болып табыламыз. Елбасы Президенттік өкілеттігін доғарды, алайда Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Ұлт көшбасшысы, мемлекетіміздің негізін қалаушы болып қала береді. Елдің барлық жетістіктері бірінші кезекте оның есімімен байланысты. Бүгін біз елордамызды Нұр-Сұлтан қаласы деп атауын өзгертуге қолдау көрсету үшін жиналып отырмыз, – деді «Nur Otan» партиясының Қарағанды облыстық филиалы төрағасының орынбасары Қадиша Оспанова «Қазақстан-2050» Демократиялық күштердің өңірлік коалициясының отырысын аша отырып.

Қатысушылар Астананың атын өзгертуді бірауыздан қолдады. Олар тәуелсіз Қазақстанның жас астанасының пайда болуы мен дамуы бүкіл мемлекеттің саяси өсуі мен экономикалық дамуы үшін үлкен серпін болғанын атап өтті. Астананың Нұр-Сұлтан болып қайта аталуы әбден заңды және негізді болып табылады, себебі ол Тұңғыш Президенттің есімімен байланысты.

Отырыс қорытындысы бойынша коалиция мүшелері елорданың атауын өзгертуді бірауыздан қолдап, Үндеу қабылдады.

## ЕЛ және ЕЛБАСЫ

# НҰРСҰЛТАННЫҢ «АСТАНАСЫ» «НҰР-СҰЛТАНҒА» АЙНАЛДЫ



Астана қаласының атауы енді ресми түрде Нұр-Сұлтан болып өзгертілді. Мұны дұрыс деп те, бұрыс деп те жатқан жұртшылық баршылық. «Жарайды, қалай атағанда тұрған не бар? Жоғары жақтағылар қалай ұйғарса, солай болсын» деп немқұрайлылық танытып отырғандар да жоқ емес. Бірақ, қалай болғанда да, әркімнің бұл орайда өз ой-пікірінің болғаны жөн секілді. Өйткені, бұл қатардағы қала емес, еліміздің астанасының атауы.

Негізі бұл қаланың әу баста Қараөткел атанғаны, одан Ақмола бекінісі салынып, кейін осындай атаулы қалаға айналғаны да тарихтан белгілі. Тың көтеруге байланысты сол кездегі Кеңес өкіметінің басшысы «белая могила» деген немене, бұл қалаға Целиноград атауы лайықты» деп, бір жиналыс үстінде Ақмоланы Целиноградқа ауыстырды да тастады. Ешкім ештеңе дей алмады.

1991 жылы Тәуелсіздік алған соң, оң-солымызды танып, бар-жоғымызды түгендей бастағанда Целиноград атауынан бас тартып, қала қайтадан Ақмола атана бастады. Ел астанасы Арқаға қоныс аударғанда қала Ақмола атанып тұрған шағы еді. Ақмола атауы орыстілділер тарапынан күлкіге, мазаққа айналдырылып жатты. Тіпті, қазақтың өз арасында да Ақмола деген сөзге «ақ мол, ә?!» дегеннен, «жоқ, Ақ мола деген ақ әулие» деген ұғым береді деген секілді әртүрлі түсініктемелер беріліп жатты. Яғни, қала атауын өзгерту қажеттігі сезілді. Жаңа астана атауын «Қазақстан», «Елорда», «Алашорда», т.т. деп атау туралы әртүрлі ұсыныстар айтыла бастады. Сол кезде бұл тақырыпқа «Егемен Қазақстан», «Жас алаш» газеттерінде дүркін-дүркін топтамалар беріліп жататын.

Еліміздің жаңа астанасының халықаралық тұсаукесері қарсаңында қала атауы Астана болып өзгертілді. Ал, мұндай атауды алдын ала ешкім де ұсынбаған еді. АСТАНА – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың жеке өзінің ойлап тапқан, сол кісінің қойған атауы. Алғашында «Бұрын астанамыз – Алматы немесе астанамыз – Ақмола десек, енді астанамыз – Астана дейміз бе, мынау біртүрлі атау болды ғой» деп тосырқай қарағанымыз да өтірік емес қой. Тіпті, кейбір кісілер Астана атауын мойынсұнбай күні кешеге шейін «атауы жоқ қала» деп жүрді. Бірақ, Астана атауы көп кешікпей халықтың басым бөлігінің көңілінен шыққан, ұнамды атауға айналды. Қазір «АСТАНА атауын өзгертуге қарсымыз» деп ұрандап жүрген азаматтар бір сәт бұл атаудың қалаға қалай қойылғанын және кімнің ұсынысымен қаланың солай атанғанын естеріне алса, артығы болмас еді.

Қалаға Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың есімін беру туралы 2016 жылы алғаш рет ұсыныс жасалды дейді. Меніңше, бұл – қате. Кезінде Президент Н.Ә. Назарбаевтың тікелей эфир арқылы халықпен сұхбаттасатын дәстүрі болатын. Нақты жылы есімде жоқ, бірақ, мұның 2016 жылдан біршама көп бұрын болғаны анық, сондай телесұхбаттардың бірінде Нұрсұлтан Әбішұлына «Астананы Нұркент қаласы» деп атау туралы ұсыныс жасалды. Бұл ұсынысты жасаған атақты жазушы Герольд Бельгер болатын. Президент бұл ұсынысқа ризашылық білдіріп, өзінің мұндай ұсыныспен келіспейтіндігін білдірген еді. Бұған күдік келтіретіндер болса, телеарна архивін ақтарып көрсе, тауып алулары да мүмкін. Сондықтан, Астанаға Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың есімін беру «нұротандықтардың» ғана, әйтпесе, «жағымпаздардың ғана тарапынан айтылып жүрген ұсыныс» деуге болмайды. «Кезінде астананы Сарыарқаның төсіне ауыстырған да, оған Астана атауын берген де, әлемге танымал айшықты да әсем қалаға айналдыра білген де Нұрекеңнің өзі ғой, сондықтан, бұл қаланы Нұрсұлтан атаса да ешқандай әбестігі бола қоймас» деген пікірде жүргендердің де қарасы аз емес.

Ел Президенті Қ.К.Тоқаев Астана қаласын Нұр-Сұлтан деп қайта атау туралы Жарлыққа қол қойды. Сөйтіп, Астана атауы да тарихқа айналды. Заңдық тұрғыдан мұның ешқандай қайшылығы жоқ екенін Конституциялық Кеңес мүшелері айтып, түсіндірді. Сондықтан, заңға томпақ дегеніміздің қаншалықты негізі бар бола қояр екен? Әрине, қанша адам болса сонշама пікір болуы табиғи заңдылық.

Қала атауын ауыстыруға қарсы болмаса да, «Елбасының көзі тірісінде берілгені қалай?» деп жатқандар да аз емес. Ал, біздің кейде еліне еңбегі сіңген елеулі тұлғаларды көзінің тірісінде елеп-ескермей, артынан аһ ұрып жататынымыз да рас. Сондайда, осындай тұлғаларды, айдарлы азаматтарды көзі тірісінде мадақтап, марапаттау туралы да жиі айтамыз. Ендеше, өзімнің жеке пікірім, Нұрсұлтан Әбішұлының қала атауын көзі тірісінде иеленгеніне де түсіністікпен қарағанымыз жөн-ау. Уақытысында мұндай құрмет Жамбыл ақынға көрсетілгенін де есімізге алайық. Қазіргі Тараз қаласына Жамбыл атауы ақынның көзінің тірісінде берілген ғой.

Еліміздің жаңа астанасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың есімімен тығыз байланысты екені даусыз. Тіпті, Арқа төсінде көрікті де көркем қала орнатқаны да емес, ел астанасынан Алматыдан Ақмолаға ауыстырғаны үшін ғана сол қалаға Елбасы есімін берсе де жарасқандай. Неге? Өйткені, елорданың Ақмолаға ауыстырылуы сол кезеңде біздің солтүстіктегі бес облысымызға көз тігіп, ауыз салмақшы болған көрші елдегі кейбір күштердің екпінін су сепкендей басқан еді ғой. Мұны неге ұмытамыз? Сондықтан, меніңше, астанаға берілген жаңа атауға түсіністікпен қарап, қолдау танытқаннан кем болып қалмаймыз.

**Абдолла ДАСТАНОВ,**
**«Шындық» қоғамдық бірлестігінің төрағасы.**
**Сәтбаев қаласы**

# МҰҚТАЖДАРҒА – ҚОМАҚТЫ КӨМЕК

**«Nur Otan» партиясының Жезқазған қалалық филиалы мен «Nur Otan» партиясы «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС жанындағы Қарағанды филиалы бірлесе өткізген саяси кеңестің кеңейтілген отырысының күн тәртібінде «Нұр Отан» партиясының кезекті XVIII съезінің шешімдерін, сондай-ақ, Мемлекет басшысының, партия Төрағасы Н.Назарбаевтың тапсырмаларын іске асырудағы партия ұйымдарының міндеттері қаралды. Саяси кеңес отырысын «Nur Otan» партиясының Жезқазған қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Гүлмира Қаженова жүргізді.**




Күн тәртібіндегі мәселе бойынша алғашқы болып қала әкімінің орынбасары Зина Ақылбекова баяндама жасады. Ол өз сөзінде «Нұр Отан» партиясының кезекті XVIII съезі – ел дамуына ерекше серпін берген тарихи съезд болғанын айта кетіп:

– Әрбір қазақстандықтың өмір сүру деңгейін сапалы арттыруды көздейтін партияның алдағы онжылдыққа құралған он басты мақсаты бар. Олар – белсенді әлеуметтік саясатқа көшу, әр адамды болашағына пайдалы қолжетімді біліммен қамту, дені сау адамдардан мықты ұлт қалыптастыру, жаһанға бірдей әл-ауқат мақсаттарында экономиканың өсуі, қоғамның әл-ауқатының негізі ретінде бизнесті қолдау, азаматтардың қолайлы өмір сүруі үшін жағдай жасау. Сондай-ақ, азаматтардың мүддесінде мемлекеттің тиімділігін арттыру, жауапты азаматтардың үйлесімді қоғамын қалыптастыру, жастарды қолдау мен партияның ұзақ мерзімді саяси жетекшілігін қамтамасыз ету болып табылады. Аталған міндеттерді өміршең ету біздің алдымыздағы басты мақсат, – деп, Елбасы жүктеген осы міндеттерді Жезқазған қаласында іске асыру барысына кеңірек тоқталды. Әлеуметтік жағынан аз қорғалған тұрғындардың табысын арттырып, қолдау көрсету мақсатында биылғы жылдың 1 шілдесінен бастап бюджеттік саладағы жалақысы төмен қызметкерлердің айлығын 30 пайызға арттыру көзделген. Бұл денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қорғау, мәдениет, спорт, ауыл шаруашылығы және басқа да салаларда еңбек ететін азаматтық қызметшілерге, оның ішінде: мектепке дейінгі және интернаттық ұйымдардың тәрбиешілері мен көмекшілеріне, әдіскерлерге, әлеуметтік педагогтар мен жұмыскерлерге, психологтарға, кітапханашыларға, бухгалтерлерге, іс жүргізушілерге, медбикелер мен санитарларға, техникалық персоналға (жинаушылар, күзетшілер, от жағушылар, сантехниктер, электриктер) тікелей әсер етпек. Сонымен қатар, төменгі санатты мемлекеттік қызметшілердің де айлығын 10-30 пайызға дейін көбейту жоспарланған. Жезқазғандағы мемлекеттік қызметшілердің 80 пайызы осы санатқа жататын көрінеді. Атаулы әлеуметтік көмек тағайындау тетігін жетілдіру бойынша да бірқатар шаралар қабылданған. Бұған дейін 343 жезқазғандық атаулы әлеуметтік көмекпен қамтылған болса, 1 сәуірден бастап олардың саны 747 тұрғынға жетпек. Атаулы әлеуметтік көмек көрсету көлемі 50%-дан 70%-ға (14 849 теңге 20 789 теңгеге дейін) дейін артты. Жәрдемақы тағайындау барысында отбасы кірісіне «Күміс алқа», «Алтын алқа» иегерлеріне, көпбалалы отбасыларға және көпбалалы аналарға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар, мүгедектігі бойынша төленетін жәрдемақылар мен стипендиялар есепке алынбайтын болады. 1 сәуірден мүгедектігі бар балаларды және бала жасынан бірінші топтағы 18 жастан асқан 446 жезқазғандықтың мемлекеттік жәрдемақысы 30% артады. Яғни, жәрдемақының мөлшері 31 183 теңгеден 41 578 теңгеге дейін ұлғаймақ. Есептеу автоматты түрде жүргізілетін болады.

Көп балалы отбасы мүшелерін жұмыспен қамтамасыз ету мақсатында 40 грант пен шағын несие беру, сондай-ақ, қысқа мерзімді курстарда оқыту қарастырылған. Қала жастарына да барынша жағдай жасалмақ. Олардың өз ісін бастауы үшін «Бастау-бизнес» курсы оқытылып, 30 шағын несие беру, сондай-ақ, жас кәсіпкерлерге 4 млн теңге көлемінде грант беру де жүзеге аспақшы. Жастар тәжірибесі арқылы жұмысқа тартылатын жастардың да саны екі есеге ұлғайып, 100-ге жетпек. Көпбалалы отбасынан шыққан балалар 1-4 сынып аралығында тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етіліп, тегін секцияларға қатыса алады. Сонымен қатар, мектеп жанынан ашылған жазғы сауықтыру лагерьлеріне алынады. Маусымнан бастап жезқазғандық 1831 анаға қоғамдық көлікте тегін жүру жеңілдігі беріледі. Табысы төмен азаматтардың тұрғын үй мәселелерін шешу тапсырмасын орындау мақсатында «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша жалға берілетін 150 пәтері бар 2 тұрғын үйдің құрылысы мен 96 пәтерлі үш несиелік үй құрылысын бастау жоспарланған. Еліміздегі білім беру мен денсаулық сақтау жүйесін жақсарту жолында бірқатар ауқымды жобалар қарастырылған. Атап айтқанда, мектептер заманауи қондырғылармен жабдықталып, тегін IT-сыныптар ашылады. Денсаулық сақтау нысандарының біразы күрделі жөндеуден өтіп, кадр тапшылығы оң шешімін тауып, жас мамандар баспанамен қамтылады.

Елбасының съезде қойған тапсырмаларын жүзеге асыру бойынша қолға алынған нақты шараларды тізбектеген қала басшысының орынбасары Зина Ақылбекованың сөзін жалғастырған «Болашақ» бастауыш партия ұйымының төрағасы Әбдірахман Досанов білім беру жүйесіндегі жаңашылдықтар бәсекеге қабілетті, білімді тұлға тәрбиелеуге бастайтынын тілге тиек етіп, барша нұротандықтарды артылған сенімді ақтау жолында еңбек етуге шақырды. Саяси кеңестің кеңейтілген отырысында партияның кезекті съезіне Жезқазған қаласынан қатысқан тоғыз делегаттың бірі Елбасы алдында сөз сөйлеген Мұрат Бөрібаев алған әсерімен бөлісті. Жұмысшы жастардың атынан сөз алған ол «Нұр Отан» партиясының барлық бастамаларын қолдауға, партиялық жобаларын жүзеге асыруға әзір екенін жеткізді. Отырыс соңында саяси кеңес қаулысының жобасын бірауыздан қабылданған соң ҚР жарқын болашағын баянды ету жолында атқарған қажырлы еңбегі, Елбасы, Партия төрағасы Н.Назарбаевтың саясатын жүзеге асыруға қосқан қомақты үлесі үшін белсенді партия мүшелері Қарағанды облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасарының және «Нұр Отан» партиясы «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС жанындағы Қарағанды филиалы төрағасының бірінші орынбасарының Алғыс хатымен марапатталды.

**Диана ОРАЗАЛИНА**

## ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ: сенімге – серпін!

# ЖЕТІСТІКТЕРГЕ БАСТАЙДЫ

**«Nur Otan» партиясы саяси кеңесінің мүшесі, Қарағанды облыстық мәслихатының депутаты Бекзат Алтынбеков бастаған ақпаратты-насихаттау тобы Жезқазған қалалық полиция басқармасының қызметкерлерімен жүздесіп, Президенттің «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасының артуы» атты Жолдауының басым бағыттарын талқылады. Кездесу үстінде Президенттің әлеуметтік бастамалары да назардан тыс қалмады.**



– Мемлекеттің басты байлығы оның халқы болғандықтан, біздің елде тұрғындардың әл-ауқатын арттырып, өмір сүру деңгейін жоғарлатуға бағытталған мемлекеттік бағдарламалар мол. Жыл сайын жарияланатын Елбасы Жолдауының да басты мақсаты осы. Елдің өткеніне сараптама жасай отырып, бүгін атқарылар істерді межелеп, болашаққа бағдар жасайтын Жолдау еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының жаңа мүмкіндіктеріне жол ашады. Сонымен қатар, бұл жолғы Жолдау өзінің терең мазмұны мен маңыздылығымен қазақстандық қоғамның өркендеуіне үлкен ықпалын тигізері анық, – деп сөзін бастаған Бекзат Қомарұлы биылғы Жолдауда ұстаз мәртебесін арттыру, қазақстандықтардың тұрғын-үй мәселесін оңтайлы шешу мен олардың табысын молайту, сондай-ақ, кәсіпкерлікті одан әрі қолдау сынды өзекті мәселелер қамтылғанын тілге тиек етті.

Халық табысының өсуіне қаратылған шараларға жекелей тоқталар болсақ, жыл басынан елдегі ең төменгі жалақы 1,5 есе, яғни 28 мыңнан 42 мыңға дейін өсірілді. Бұл мақсатқа республика бюджетінен жыл сайын 96 млрд. теңге бөлінбек. Сонымен қатар, агроөнеркәсіп кешенінің әлеуетін толық іске асыруға, инновациялық және сервистік секторларды дамыту мен орта және жоғары білім, мектепке дейінгі білім беруді, денсаулық сақтау саласының, тұрғын үйдің сапасы мен қолжетімділігін қамтамасыз етуге бөлінген қомақты қаржы да халықтың өмір сүру деңгейін айтарлықтай арттатынының кепілі. Сондай-ақ, Жолдаудағы құқықты қорғау ор-гандарының сапасын жақсарту, сот жүйесін одан әрі жаңғырту, басқа да мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін арттыру, сыбайлас жемқорлықпен күресті күшейту бойынша белгіленген шаралар да өте маңызды. Аталғандардың бәрі жүзеге асқан болса, елімізді әлемнің үзік отыз елі қатарынан көрінер күні жақындай түсетінін алға тартқан Бекзат Алтынбеков тәртіп сақшыларын ана тіліміздің беделін арттыруға үлес қосып, ұлттық құндылықтарымыз бен бабамыздан мұра болып қалған салт-дәстүрлерімізді дамытып, келер ұрпаққа қазақы тәлім-тәрбие беруге үндеді.

Кездесу соңында сөз алған Жезқазған полиция басқармасы басшысының орынбасары Исатай Көшжанов биылғы жылы құқық қорғау саласында орын алған реформаларға тоқтала өтіп, ақпараттық-насихаттау тобының мүшелеріне ризашылығын білдірді.

**Бота ШАЛҚАР**
*Суреттерді түсірген*
**Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА**

# МОЛШЫЛЫҚ МЕРЕКЕСІ

## мазмұнды іс-шаралармен айшықталды

**«Наурыз айы туғанда, той болушы еді бұл маңда...» деп Роза Рымбаева шырқағандай думан-тойдың бастауы, жақсылықтың жаршысы саналатын Әз-Наурыз мерекесі келіп, жаңа жыл басталды. Мысты шаһар да ұлыстың ұлы күнін жоғары деңгейде атап өтті.**

Бағзы замандардан тойланып келе жатқан Наурыз мейрамына кешегі кеңес өкіметі «діни мереке» деп тыйым салды. Бірақ, халық сол кезде де жасырын түрде болса да, дабырламай-ақ наурызда бір-бірімен көрісіп, «Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын!», «Жыл құтты болсын!» деп мәз-мәйрам болысып, аналар қазанға наурыз көжелерін пісіріп, ауыл-аймаққа дәм татқызған. Үлкендер кішіге бата беріп, ізгі тілек тілеген.



Осылайша ұлттық салт-дәстүрмен сабақтас Наурыз мейрамы қазақтың санасынан өше қойған жоқ. Тәуелсіздікпен бірге қайта оралған Наурызбен халық сағынысып көрісті, «Ұлыстың ұлы күні», «жыл басы» деп қатты әспеттейтін еді.

Таңсәріден Алаш алаңында мерекелік көңіл-күйдің лебі сезілді. Жиылған жұртшылық күмбірлеген күй мен әуезді ән тыңдап, киіз үйге бас сұғып, ұлттық нақыштағы киім киіп,наурыз көжеден дәм татты. Жиналған көпшіліктің көңіл-күйі көтеріңкі.

Ұлы тойдың көркін театрландырылған көрініс қыздырды. С.Қожамқұлов атындағы қазақ музыкалық-драма театрының артистері мен қаламыздағы би ансамбльдері көпұлтты қазақ елінің бір шаңырақ астындағы тату-тәтті ғұмырын бейнеледі. Қыстан шыққан Жер-Ана ұйқысынан оянып, күн мен түнді теңестірді. Ал, көктем мезгілі өзімен бірге жылулықты ала келді. Көрініс соңында биікте қалықтаған ақсақалды Қызыр баба өз батасын берді. Осылайша Наурыз тойын тойлау да басталып кетті.

Қала жұртшылығынан бөлек думанды тойға қала басшылығы, қалалық мәслихат депутаттары, «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС, «Нұр Отан» партиясы өкілдері, қаланың Құрметті азаматтары, ардагерлер мен түрлі мекеме мен ұйым ұжымы қатысты.

Көктемнің алғашқы айында күллі түркі әлемі жаңа жылды қарсы алады. Наурыз – бұл ренжіскен адамдардың бір-бірімен татуласуына, достасуына жол ашады. Барша ұлттар мен ұлыстар арасындағы ауызбіршілікке үндейді. Бүгінгі мейрам барысында да жезқазғандықтар бір-бірлеріне ізгі тілектерін арнап жатты. Ал, жиналғандарды ең алғаш болып қала басшысы Қайрат Бегімов құттықтады:

– Наурыз – жыл басы. Халқымыздың ежелден келе жатқан мерекесі. Наурызда табиғат оянып, жылулық келеді. Мұның бәрі жақсылықтың белгісі. Өткенге алғыс айтайық. Ақ тілекпен Наурызды қарсы алайық, – деді қала әкімі.

Келесі болып жезқазғандықтарды «Жезқазғантүстімет» өндірістік бірлестігінің бас директоры Сайран Әлменов құттықтады. Ол өз кезегінде дүйім жұртшылыққа тек жақсылық тіледі.

«Ақ түйенің қарны жарылған күнді» мысты өлкенің халқы жоғары деңгейде атап өтті. Жезқазғандықтар үшін қазақ эстрадасының жарық жұлдыздарының келіп, өнер көрсетуі күтпеген тосынсый болды. Жасөспірімдердің сүйіктісіне айналған «ALAR» тобы, Шоқан Уәлихан, Нұрман Арыстан, шығыс ырғағындағы репертуарымен танымал Сиви Махмуди, аяқпен билететін Бейбіт Қошқалиевтің әндерін жиналғандар қосыла шырқап, биледі. Мысты қалаға келген әншілерді сахна сыртында сөзге тартып, аз-кем сұхбаттасқан едік. Сиви Махмуди Жезқазғанға алғаш рет келген екен. Халықтың жайлы әрі қонақжай екенін айтып, өз әсерімен бөлісті. Сонымен қатар, Сиви қала халқын Әз-Наурызбен және қаланың 65 жылдық мерейтойымен құттықтап, қаланың туған күнінде де келіп, өнер көрсететінін айтып қалды. «Alar» тобы керісінше біздің қаланың тұрақты қонақтарына айналған. Олар өз кезектерінде халықтың жылы лебізіне алғыс айтып, ұлыстың ұлы күнімен құттықтады. Бейбіт Қошқалиев те сахналас әріптестерінен қалыспай, жезқазғандықтарды ұлы мейраммен құттықтап, ақжарма тілегін жеткізді.



Мерекелік шара қаламыздың балалар мен жасөспірімдер сарайы, өнер мектебі тәрбиеленушілері және Т.Қалмағанбетов атындағы филармония әншілерінің дайындаған концертімен жалғасты. Жас өнерпаздар тамылжыта ән салып, мың бұрала би биледі. Сондай-ақ, мереке «Әжелердің ұлттық киімі» атты байқауға ұласты. Қаламыздың 16 әжесі даралық пен даналықтың символы саналатын кимешекті көпшілікке паш етті. Олар ұлттық киімді тігуде, оны дұрыс киіп, дефиле жасауда өз таланттарын көрермендер назарына ұсынды. Бірінен бірі өтетін ақжаулықтылардың әрқайсысы жеңімпаз болуға лайықты. Оларға белсенді қатысып, халқымыздың ұлттық қолөнерін көпшілікке ұсынғаны үшін Алғыс хат табысталды.

Биылғы жаңа жылдың бастауы саналатын Наурыз думанында ерекше есте қалатын шараның бірі – «Бауырсақ шоу». «Дәулетбаева», «Табылғанова», «Батырбекова», «Мұқашева», «Ярова», «Жанбатырова» жеке кәсіпкерлерінің және Жезқазған орталықтандырылған кітапхана жүйесінің №5 кітапханасы ұжымының қолдауымен ұйымдастырылған шара көпшілікке ерекше көңіл-күй сыйлады. Шара аясында қазақтың ежелгі дәстүрі бойынша 4000 дана бауырсақ, 2 тонна наурыз көже әзірленіп халыққа таратылды. «Кең болсаң, кем болмайсың» деген тәмсілдің белгісі ғой бұл. Сонымен қатар, мерекелік шарада жеті қазынаға жататын жылқы мен тазыны кезіктіре алдық. Оларды көпшілік, әсіресе, балалар қызықтап, тамашалады.

Жылдағы дәстүр бойынша Алашахан даңғылының бойында түрлі мекемелердің киіз үйлері бой көтерді. Олардың жалпы саны биыл 24-ке жетті. Жыл сайын осы ақшаңқан үйлер арасында сайыс ұйымдастырылады. Биыл да бұл дәстүрден жаңылмады. Арнайы құрылған комиссияға әр киіз үйде ұлттық құндылықтарды насихаттау мақсатында салт-дәстүрден үзінді көрсетілді. Сондай-ақ, үйдің ішкі және сыртқы безендірілуі мен дастархан мәзіріне мән берілді. Халқымыздың ежелгі дәстүрлерін дәріптеп, ұлттық құндылықтардың төрге озғанын көргенде көңілді еріксіз қуаныш сезімі кернейді. Сайыстың қорытындысы бойынша, байқауда жүлделі III орынды «Қазақмыс Мейкер» кәсіпорыны мен пәтер иелері кооперативтерінің бірлескен ұжымы өзара бөлісті. II орынды «Грант» білім беру орталығы мен қалалық білім беру бөлімі иеленді. Ал I орынды Жезқазған мыс қорыту зауытының киіз үйі жеңіп алды. Байқаудың бас жүлдесіне Қарағанды облыстық денсаулық сақтау басқармасы Жезқазған аймақтық өкілдігі ие болды. Жеңімпаздарға теледидар, кілемдер және шәйнек сынды бағалы сыйлықтар тарту етілді.

Наурыз мерекесінде адамдар өкпе-ренішті ұмытып, ескі жылда қалдырады. Сондай-ақ, бұл ұлы мерекеде мұқтаж жандарға жақсылық жасап, сауап жинайды. «Халық банкі» Жезқазған филиалының ұжымы халқымыздың осы дәстүрін ұмытпай, «Ақсауыт» қоғамдық бірлестігіне «Газель» көлігін сыйға тартты. Бұл көлік тасымалдау ретінде «инватакси» қызметін атқаратын болады.

Халқымыздың көнеден келе жатқан дәстүрін дәріптейтін Наурыз мейрамында спорттық жарыстар да ұмыт қалған жоқ. Ұлттық ойындарымыз қазақ күресі, эстафета, тоғызқұмалақ, марқа көтеру, гір көтеру, асық ойынын тамашалаған адамдардың қарасы қалың болды. Қала жұртшылығы спорттық жарыстарға белсене катысып, тіпті Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан облысы, Шымкент, Қарағанды қаласы, Жаңаарқа, Ұлытау аудандары мен Жәйрем, Қарсақбай кенттерінің намысын қорғаған палуандар болды. Қазақ күресі, белбеу күрес жеңімпаздары ақшалай, басқа спорт түрлерінің жеңімпаздары бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Бұл күні молшылық пен бірліктің мерекесі күн еңкейгенге дейін жалғасты. Түркі әлемінің дүбірлі думанын мысты өлкенің жұртшылығы осылайша сәні мен салтанатын келістіріп атап өтті.

**Арайлым ЕРҚОҢЫРОВА**

---

«НҰРЛЫ ЖЕР»

# ОТЫЗ ОТБАСЫ БАСПАНАЛЫ БОЛДЫ

**Наурыз мерекесі қарсаңында жезқазғандық отыз отбасы қуанышқа кенелді. Оларға 20 наурызда «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында тұрғызылған көпқабатты үйден пәтер кілттері табысталды.**



Қуаныш иелерін қала басшысы Қайрат Бегімов жаңа келе жатқан Наурыз мейрамымен шын жүректен құттықтап, жаңа пәтер кілттерімен бірге әр үйде молшылық болсын деген ниетпен әр отбасына мультиқазандарды сыйға тартты.

Салтанатты рәсімде сондай-ақ, Қазақстан Тұрғынүйқұрылысбанкі Қарағанды облысы бойынша филиалының директоры Бауыржан Жуаспаев, мердігер «Құрылыс» ЖК директорының орынбасары Мұхит Сейітқазинов, қоныстанушылар атынан №13 орта мектептің тарих пәні мұғалімі Қаламқас Әбдібекова сөз сөйлеп, өз тілектерін білдірді.

Мемлекеттік бағдарламамен салынып, несиеге берілген бұл үйден қаланың жалға берілетін тұрғын үйге кезекте тұрғандар қатарындағы төрт тұрғыны несиелік тұрғын үйді таңдап алды. Бұл несие беру шарттарының (2 бөлмелі пәтердің құны 5840000 тг, 3 бөлмелі – 6800000 тг, жылдың сыйақы ставкасы 5%, алғашқы жарна көлемі пәтер құнынан 20%) қолайлылығын және тұрғын үймен қамтамасыз ету бағдарламасын жүзеге асыру кезінде тұрғындарда баламалы таңдау мүмкіндігін білдірсе керек.

Осы ретте 2019 жылдың бірінші жартыжылдығында жеке инвестициялар есебінен «7-20-25» жеңілдікпен несиелеу бағдарламасы бойынша 90 пәтерді пайдалануға беру жоспарланып отырғанын айта кеткен жөн. Сонымен бірге биыл республикалық бюджет есебінен құрылысы 2020 жылы аяқталатын 60 пәтерлі жалға берілетін үйдің құрылысы басталады. Осындай жаңа бой көтерген үйлердің есебінен 2018-2020 жылдар аралығында қаланың 226 тұрғыны өз тұрғын үй мәселелерін шешеді, бұл 2011 жылдан бастап 2017 жылдар аралығында Жезқазған қаласында көпқабатты үйлердің құрылысы жүргізілмегенін ескерсек, жама көрсеткіш емес.

2017 жылдан бастап жеке тұрғын үй құрылысына жағдай жасауға назар аударылады. Бүгінгі күні 600 учаскені қамтитын инженерлік желілер жүргізілді, ағымдағы жылы тағы 502 ЖТҚ учаскесін жайластыру жоспарлануда, бұл қаланың тұрғын үй проблемасын шешуге сөзсіз әсер етеді.

**Өз тілшіміз**

---

САЙЫС



**Жезқазған тарихи-археологиялық музейінің көрме залында «Ұлтымыздың ұлықтаған Ұлыс күні» атты ұлттық ойындар сайысы өтті.**

# ҰЛТЫМЫЗ ҰЛЫҚТАҒАН ҰЛЫС КҮНІ

Қазақта 150-ге тарта ұлттық ойын барын білесіз бе?! Оларды зерттеген Е.Сағындықов, Ә.Диваев секілді ғалымдар: ойын-сауық, тұрмыс-салт ойындары, жануарлар дүниесі, аңшылыққа байланысты ойындар, дене шынықтыру спорт ойындары деп бөліп қарастырады. Бірақ, өкініштісі сол, ол ойындардың бүгінде біразы ел есінен шығып, ұмытылып жатыр. Дегенмен, ұлттық құндылықтарды ұлықтайтын мерекелер халық арасына кеңінен танылған ойындарды ұлықтап, оларды дәріптеуге септеседі.

Ұлыстың ұлы күні қарсаңында мұражай қызметкерлері ұйымдастырған ойындар сайысына М.Құлышева атындағы балалар үйінің тәрбиеленушілері, №4 орта мектептің оқушылары қатысты. Балалардан бөлек, мұғалімдер мен ата-аналар қатысқан мерекелік шарада қыздар құрт жасап, бұрым өріп, ою жасаса, ұлдар ләңгі тебу, асық ату, арқан тарту сайыстары бойынша сынға түсті.

Шараның басты мақсаты – өскелең ұрпаққа Ұлыстың ұлы күні туралы мағлұмат беру және халқымыздың Наурыз мерекесіне қатысты салт-дәстүр мен ұлттық ойындармен таныстырып, оларды насихаттау.

Бір қуантатыны – аталған сайыстарға қазақтың қара домалақтарынан басқа, өзге ұлт балаларының қызығушылық танытып жатуы. Олар белсенді қатысып, ойындар жайлы барынша көп мағлұмат алуға тырысты.

Шара соңында музей басшысы Раушан Қапарова сөз сөйлеп, жиналғандарды әз-Наурызбен құттықтап, ізгі тілегін жеткізді.

**Сара ТЕМІРҒАЛИ**

---

ҚАРТТАРЫМ, АМАН-САУ ЖҮРШІ!



# АРДАГЕРДІ ҚҰТТЫҚТАДЫ

**Жезқазған қаласы әкімінің орынбасары Зина Ақылбекова, Жезқазған аймағы бойынша денсаулық сақтау басқармасының басшысы Ләззат Ранова, Жезқазған қаласы ішкі саясат бөлімінің басшысы Мереке Мырзабекова денсаулық сақтау саласының ардагері, қаланың Құрметті азаматы Өмірбек Мұқанұлын туған күнімен құттықтап барды.**

Келер жылы сексеннің сеңгіріне шыққалы отырған ардагердің мерейтойына орай қаламызда ғылыми конференция ұйымдастыру жоспарланып отырғанын жеткізген қала басшысының орынбасары Өмірбек Мұқанұлын туған күнімен құттықтап, алғыс білдірді.

– Сіздің еңбегіңіз Сізді ел алғысына бөледі. Ұзақ жыл Жезқазған-Ұлытау аймағында қызмет етіп, аймақтың денсаулық сақтау саласына өлшеусіз үлес қостыңыз. Қаншама жанның өміріне араша түстіңіз. Тәрбиелеген шәкірттеріңіз – бір төбе. Осы еңбегіңіз үшін Сізге алғыс айта отырып, туған күніңізбен құттықтаймыз. Сізге зор денсаулық, ұзақ өмір тілейміз. Шаңырағыңызда тек қуаныш, той болсын, – деді Зина Жұманазарқызы.

Еңбек ардагері туған күнін елеп, ескеріп, құттықтай келген әкімдік өкілдеріне рақмет айтып, батасын берді.

**Өз тілшіміз**

---

ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ

# КЕҢЕСТЕ – ЖАҢА ТӨРАҒА

**Қазақстан халқы Ассамблеясы Жезқазған қаласы қоғамдық келісім кеңесіне жаңа төраға тағайындалды.**

Халық Ассамблеясы жанындағы консултациялық-кеңесші орган саналатын қалалық қоғамдық кеңесінің төрағасы болып ақын, сатририк, «Дидар» телерадио хабарларын тарату дирекциясы» ЖШС директоры Базарбай Әлеуханұлы тағайындалды. Жаңа төрағаны кеңес мүшелері мен қаладағы этно-мәдени бірлестіктердің өкілдеріне Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі, Қарағанды облысы ҚХА Қоғамдық келісім кеңесінің төрағасы Бекзат Алтынбеков, Қарағанды облысы әкімі аппараты жанындағы «Қоғамдық келісім» КММ директоры Ерлан Құсайын таныстырды.

– Қазақстан халқы Ассамблеясы Елбасының саясатын жүзеге асыруды белсенді атқарып келе жатқан құрылым. Ұйымның елдегі тұрақтылық пен келісімді қалыптастырудағы орны зор. Жер-жерлерде қоғамдық келісім кеңестері осы бағытта қыруар жұмыс атқарып келеді. Жезқазғандағы кеңестің жеткен жетістіктері де аз емес. Кеңестің төрағалығын осыған дейін атқарған Бекзат Қомарұлы қазір облыстық кеңеске төрағалық етеді. Біршама уақыттан бері бұл орынға лайықты азаматтарды іздестіріп, біраз зерттедік. Аймақтағы беделі, еңбек тәжірибесін ескеріп, Базарбай Әлеуханұлын Жезқазған қаласы қоғамдық келісім кеңесінің төрағасына лайық деп отырмыз. Облыс басшысы Ерлан Қошанов та бұл ұсынысты қолдады. Қала әкімі де кеңестің жаңа төрағасының кандидатурасын құптап, бірлесе жұмыс атқаратынын айтып отыр, – деген Ерлан Бисембайұлы жаңа төрағаның жұмысына сәттілік тіледі.



Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі, Қарағанды облысы ҚХА Қоғамдық келісім кеңесінің төрағасы Бекзат Алтынбеков те қалалық кеңестің жұмысына әрдайым қолдау жасайтынын айтып, осыған дейінгі игі дәстүрлер жалғасын табатынына сенім білдірді.

Қалалық қоғамдық келісім кеңесі төрағалығына тағайындалған Базарбай Әлеуханұлы өзіне сенім артқан өңір басшылығына ризашылығын білдірді.

– Бұл ұсынысты үлкен тебіреніспен қабыл алдым. Кеңес мүшелерінің барлығын танимын. Біраз жылдан бері әр салада қатар қызмет етіп келеміз. Алдағы уақыттағы жұмысымыз да жемісті болады деп сенемін, – деді ол өз сөзінде.

Кеңес отырысында сондай-ақ, этно-мәдени бірлестіктердің жұмысы, оларды аккредитациядан өткізу жайы мен «Достық үйлерінің» қызметі пысықталды.

**Өз тілшіміз**

---

# КӨМЕК ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛДЫ

**Жұмыспен қамту орталығы базасында отбасыларға көмек ретінде кеңес және түсініктеме беру орталығы ашылды.**



Мысты қалада 1500-ге жуық көпбалалы отбасы бар. Қазіргі таңда аналардың әлеуметтік картасы жасақталып жатыр. Алдағы уақытта сол жинақталған мәлімет бойынша көмекке жедел түрде мұқтаж жандарға бірінші болып жәрдем берілетін болады. Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев 27 ақпанда өткен «Нұр Отан» партиясының XVIII съезінде атаулы әлеуметтік көмектің мөлшері өзгеретінін айтты. Соған сәйкес көпбалалы немесе аз қамтылған отбасылардың өмір сүру сапасы едәуір жақсарады.

Бұл орталық көпбалалы, жалғызбасты аналарға көмек беруді көздейді. Жәрдем сұрай келген аналар атаулы әлеуметтік көмекті рәсімдеудің жолдарын біліп, жұмысқа тұру, жәрдемақы алу, коммуналдық мәселелер, кәсіптік оқу курсынан өту сынды мәселелер бойынша кеңес ала алады.

Қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы Алтынкүл Бәкібаева барлық жұмыс барысы қатаң бақылауда болатынын айтты.

**Сара ТЕМІРҒАЛИ**

*Суреттерді түсірген*

**Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА**

АКАДЕМИК Қ.И.СӘТБАЕВТЫҢ ТУҒАНЫНА 120 ЖЫЛ



«Қаныш қазақ топырағында туып, халқының сүтін ішіп, ер жетті де, сол халқының даңқын бүкіл әлемге көтерді. Өзі де сол шеңберде қалып қойған жоқ, дүние жүзіне белгілі болды».
**І.Омаров, Мемлекет қайраткері, әдебиет сыншысы**

**Қаныш Имантайұлы – қазақ тарихында ғана емес, дүниежүзінде геология ғылымының дамуында аты алтын әріптермен жазылғанн ірі тұлға, ұлы ғалым. Әрбір адамды, тұтас халықты ғұмыр бойы алға жетелейтін, алыстан бағдар сілтеп жымыңдап тұратын Темірқазық сынды жұлдыз тұлғалар болады. Тек қазақ баласы үшін ғана емес, бүкіл адамзат ұрпағы үшін Қанекең сондай тұлға. Ол нағыз ғылымға тән болмыс-бітімімен, адамдық тамаша қасиеттерімен өзін түгелдей ғылымға, халқына арнаған. Отанына адал болған аса ірі тұлға. Төл мамандығы геологиядан, яғни жерасты байлықтарын зерттеп, ашып, халық игілігіне жаратудан бөлек көптеген салалардан өз қолтаңбасын қалдырып кетті. Олардың ішінде әсіресе әдебиет, тарих, этнография, мәдениет, өнер, биология, агрономия, ядролық физика, астрономия, сейсмология салаларын дамытуға белсенді түрде атсалысты.**

# ҚАЗАҚ ҒЫЛЫМЫНЫҢ АТАСЫ

### Ғалымның өмір жолы және отбасы

1899 жылы 12 сәуірде Имантай бидің шаңырағында ақ түйенің қарны жарылып, Сәлима ана ұл тапты. Балпандай толық, ұзарып өскен қарын шашы қап-қара болып ұйысқан, басы бақырдай үлкен, көзін аша алмай жарыққа сығырая қараған нәрестені тұңғыш жерден көтеріп, кіндігін кескен қонысы ағайын Мейіз деген кісі екен. Ауылдың қадірменді ақсақалы Құрмантай абызды шақырып «Ғабдулғани» деп құлағына 3 қайтара айқайлатып, ат қойғызады. Анасы Сәлима бөбегін мейірлене иіскеп, «Ғаным менің, Ғанышым!» – десе керек. Мейірбан ана жүрегі сол мезетте «Қаныш» деп атайды. Анасы Қаныш 5 жасқа келгенде қайтыс болып, Имантайдың бәйбішесі Нұрым Тасболатқызының тәрбиесінде өсті. Қаныштың жерлесі әрі досы Әлкей Хақанұлының мәліметтері бойынша төңкерістен бұрынғы қыр қазақтары арасында Сәтбаевтардан көп оқыған ауыл болған емес. «Қаныштың әкесі Имантай – ақылды, момын, терең ойлайтын, әр нәрсені ақылмен, сабырмен шешетін кісі болатын...» дейді Әлкей Марғұлан өз естеліктерінде. Ғалымның әкесі Имантай Омбы қаласында медреседе білім алған, әдебиет саласы мен өлке тарихы жөнінде кең түсінігі бар, орыс, парсы, араб тілдерін жақсы меңгерген білімді адам болды. «Аққелін» болысының би болып, ауыл басқарған. Ескі қисса, дастандарды жатқа білген. Інілері мен өз ұрпағына заман ағымынан кенжелеп қалмай, мұсылманша да, орысша да білім алуына жол ашқан.Анасы көрген кісі қызыққандай келбетті, ақ сарының әдемісі, тостағандай үлкен көздері адамға жылы шырайлмен қарап, тұратын аса мейірімді, мінезі де жұмсақ, ауыл аймағы «Ақ жеңеше» атандырған тәрбиелі жан еді. «Үяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» демекші, табиғатынан зерек Қаныш 1909-1911 жылдары бірінші тәртіпті ауылындағы орыс-қазақ мектебінде оқып, 1918 жылы Семей қаласындағы оқытушылар семинариясын бітіреді. 1919 жылдың күзінде кеңес өкіметінің заңымен қазақ даласының өмірі тез өзгерді. Кеңес өкіметінің алғашқы органдары олардың заңдарын көпшілікке жүргізе алатын, жергілікті ұлттан сауатты адамдарға зәру болды. Сондықтан 1920 жылдың басында Павлодар уезінің ревкомы қабілетті жас мұғалімді байқап, Қаныш Имантайұлын Баянауыл ауданының халық биі етіп тағайындады. Бір жарым жыл ішінде ол Кеңес өкіметі алғашқы органдарының тапсырмасын құлшыныспен атқарды. Халық сотының сессиясымен көшпелі ауылдарға жиі шығып тұрды, жас судья Қазақ даласына жаңа өмірдің орнауына, Кеңес өкіметі мен заңдылықтың нығаюы үшін күресті. Кездейсоқ сәйкес келген жағдай Қаныш Имантайұлының тағдырына араша түсті. 1921 жылы Баянауыл ауданына Томск технологиялық институтының профессоры, геолог Михаил Антонович Усов емделуге келіп, Қаныш Имантайұлының ауылына орналасты. Михаил Антоновичтің тартымдылығы және оның әңгімелері жас жігітке айтарлықтай әсер қалдырды. Михаил Антонович жақын жерлерге ғана баратын. Қаныш Имантайұлы үнемі оның қасында жүрді. Жердің құрылымы туралы, Қазақстан жер қойнауының байлығы туралы, олардың республика үшін экономикалық маңызы туралы әңгімелер оның жалпы білімге деген бұрынғы ұмтылысын одан әрі арттырды. М.А.Усов жас жігіттің қабілетін бағалап, оған сол шешімін тезірек жүзеге асыруға кеңес берді.

Томск технологиялық институтының профессоры, академик, Кузбасс зерттеушісінің геология туралы әңгімелері қызықтырғаны сонша, ол сол жаққа 1921 жылы оқуға кетті. Ол сонысымен жерлестерін таңғалдырды: мұғалім – ол түсінікті, судья – ол да түсінікті, ал геолог – түсініксіз, ол кім, ессіз адамша жерді зерттейді.

Айтпақшы, студент күнінде үйіне, Баянауыл ауданына демалысқа және емделуге келгенде (Томскідегі оқу жылдарында әкесі туберкулезбен қатты ауырды, дәрігерлер оны енді айықпайды деді, Қазақ КСР ҒА академигі А.К.Кашованың естелігі бойынша) ол уақытта «геологты» көру үшін арнайы келген. Оның өмірінің сол кезеңдері туралы – Мейіз Қанышқызы Сәтбаева еске алатын. 1921 жылдың күзіне қарай Қаныш Имантайұлының өтініші бойынша губерниялық ұйымдастырушылар оны Томск технологиялық институтына оқуға жіберді. Қабылдау сынақтарын тапсырғаннан кейін тау-кен факультетінің геологиялық барлау бөліміне студент болып қабылданды. Күрделі оқу басталды. Күнделікті тамақ пен қиындық, қатал қыс басталды, күшейтілген сабақ нәтижесінде қалжырау осының бәрі Қаныш Имантайұлының ауруын тағы да қоздырды. Дәрігерлер оған тез арада Томскіден туған жеріне қайтуды ұсынды. Ол ауыр қиындықпен туған ауылына жетті. Бұл жолы денсаулығы тез арада қалпына келе қоймады. Бір жарым жыл туған жерінде болды. Бұл жолы жас организм туберкулезге біржола жеңіп шықты. Нәтижесінде Қаныш Имантайұлы жақсы денсаулығымен, күнделікті қауырт жұмыста тезімділігімен ерекшеленді. Ол күніне 10-12 сағат бойы жұмыс жасады және геологиялық маршрутты, кейде 25-30 км. жаяу жүріп жасады. 1923 жылы Томскіге қайтып келіп, екі курс үшін барлық пәндер бойынша емтихан тапсырды. Ол уақытта геологиялық ғылым салалары бойынша барлық жаңа пәннен профессор М.А.Усов берді. Осы студенттік жылдар, Томскідегі өмір және М.А.Усовпен және басқа да оқытушылармен және Томск технологиялық институтының профессорларымен қатынасу, Қаныш Имантайұлының дүниетанымын және оның мінезін қалыптастырды. Әсіресе, бұл қарым-қатынаста сүйікті мұғалімі және тәлімгері Михаил Антонович Усовтың ықпалы әсері болды. Нәтижесінде Қаныш Имантайұлы ыстық ықыласпен былай деді: «Томскіде өткізген студенттік жылдардағы академик М.А.Усовпен тығыз байланыстағы қатынасым, оның терең және тың геологиялық ойлары, оның геологтарға және Сібірдің табиғатына деген махаббаты, оның адам және ғалым ретіндегі тартымды қасиеттері маған терең әсер қалдырды және осы шын мәнісіндегі ізгі адамға, ұлы орыс халқының лайықты ұлына деген алғысым шексіз».

Қаныш Имантайұлы студент болған жылдарда профессор М.А.Усов басқарған палеонтология және тарихи геология кафедрасының оқытушысы болған В.А.Хохлов (кейін ғылым докторы, профессор) «Студент Қаныш» атты естелігінде былай деп жазды: «Бұл өзі оқуға жан-тәнімен берілген студент болатын. Жалпы геология жөніндегі сабақтарда ол М.А.Усовтың тамаша лекцияларын құмарта тыңдады... Екінші курстан кейін ол М.А.Усовтың дала жұмыстарына қатысты...».

### Үлкен Жезқазғанды зерттеу

*«Қарсақбай — Үлкен Жезқазғанға апаратын сара жолдың алғашқы баспалдағы ғана. Ал, Жезқазған-Ұлытау өңірі кешікпей-ақ Сарыарқа төсіндегі белді индустриялы өлкеге айналады».*
***Қ.И.Сәтбаев***

1920-1924 жылдар Қарсақбай, Жезқазған, Байқоңыр тұрғындары үшін ауыр кезең болған еді. Жұмыс тоқтап, завод салу мәселесі шешілмей, күнкөріс қиындады. Тұрғындардың хаты мен өтініштері бойынша Ұлытау өңірімен танысқан орталық өкілдері: «Қиыр шеттегі темір жолсыз шөлейт далаға зауыт салудың пайдасы шамалы. Сондықтан Қарсақбайдағы құрал-жабдықты Оралға жеткізіп, ондағы ескі зауыттарды қайта жөндеп, мыс алуға болады», – дейтін теріс пікірге де барды. 1926 жылы маусым айында Қаныш Имантайұлы дипломдық жобасын сәтті қорғады және қазақтар ортасында алғашқы инженер геолог атағын алды. Институтты аяқтаған соң Қаныш Имантайұлы Қазақ КСР халық шаруашылығының орталық кеңесінің қаулысына сәйкес «Атбасцветмет» (Мәскеу) тресіне жұмысқа жіберілді. Бұған дейін 1925 ж. бастап Жезқазғанды зерттеумен және барлаумен шарт бойынша Геолком айналысты. Геолком ұйымдастырған бұрғылау жұмыстарының қарқыны, ақиқатында «өте баяу» болды. Қаныш Имантайұлы сол кездегі жұмыс қарқынын былай баяндайды: «…Қарсақбайға 11 мамырда күндіз келдім… Құрылыс жұмысы едел-жедел басталды. Жұмыс қарқыны үдеді, жан-жақтан ағылып келіп жатқан жұмыскер ерекше көп. Құрылыс материалдарын жеткізуге ғана күмән бар. Тасымалдау жұмысын жандандыруға шаралар жасалуда, бұл жөнінен де олжасыз емеспіз. Қалайда биылға белгіленген құрылысты толық аяқтауға сенім мол. Шетелден алынбақ жабдықтарға тапсырыс мен Мәскеуде жүргенде-ақ берілген-ді. Осының бәрі алдағы тірлігімізге сеніммен қарауға ой туғызады: Қарсақбайдың тағдыры даңғыл жолға түсті; Жезқазғанның мыс кеніштері судан құрғатылуда; сусорғыштар қойылып, кен қазылатын учаскелерді тіреумен бекітуге көшті; кен қазу күзде басталады… Мен үшін қазіргі басты мәселе – барлау және технологияға қажет флюстік шикізат табу. Жезқазғанға дейінгі тар табанды темір жол құрылысы бірінші қазанда аяқталмақ, бірінші пойыз да сол кезде жүреді…»(Қарсақбай, 23.05.1927 ж.).

1927 жылы мұнда тек бір ғана бұрғы станогы жұмыс істеп тұрды, 1928 жылдың жазында екі станок болды. Сол кездегі қиын жағдайды Қаныш Сәтбаевтың жары Тайсия Кошкинаға жазған хатынан анық байқалады: «Өзіңіз жазғандай, «күту және әрқилы шырғаланддар» Сізді де қажытып, қамығуға душар еткенін, әрине, түсінемін. Сөйтсе де, біз бір жәйтті мойындауға тиіспіз: өмір – күресу мектебі, оған көрген түстей жеңіл-желпі қарауға болмайды; ғұмырымыздың алғашқы кезеңінде осындай жағымсыз жайттардың кездесуі әбден ықтимал. Бұларды мен сөзсіз болуға тиіс құбылыстарға саямын және алда да кездеседі деген ойдамын. Өзіңізге мынандай: «Мен онымен бірге жүріп, өмір ұсынар әр түрлі қиыншылық пен шырғаландарды бірге кешуге әзірмін бе?» деген сұрау қойыңыз. Менің тұлғамды, ойлаймын, Сіз жеткілікті білесіз: мен қазақпын – жаратылысым да, жаным да қазақы; ой-түсінігім бойынша да қазақпын; алдағы өмірімді тек қана туып-өскен Қазақстанда өткізбекпін. Бұл жолда ай сәулелі армандарға беріліп асқақтаудан адамын; сондай-ақ, сөзсіз кездесер қиыншылықтардан да алабөтен безінгім келмейді; жан тыныштығын да шат-шадыман тұрмыстан гөрі рухани күреспен өткізгенді жөн көремін; сол үшін де тұрмыстың жайлы күйтінен бас тартып, Қазақстан қиырын кезіп, өмірбақи кен іздеуге де әзірмін…»( Мәскеу 8.02.1927 ж).

Қаныш Сәтбаев бірден Жезқазғанның зор болашағын көре білді, ағылшын барлаушыларының кері мәліметтеріне және Геолком жұмысшыларының төмен болжамдарына қарамастан оған лайықты баға берді. Осыған сүйене отырып, ол Жезқазғанды жоспарлы және кешенді зерттеу мақсатында геологиялық-барлау жұмыстарын жүргізуді талап ете бастады. Оның бірінші кезектегі міндеті Жезқазғанда геологиялық барлау қызметін ауданның барлық байлығын зерттеуді қамтамасыз ететіндей етіп құру.

Жезқазғанды зерттеп, ашу үшін 15 жыл бойы жоғары деңгейлі кәсіби геологиялық экспедиция ұйымдастыру; мүдделес геологтар ұжымшыл ұйымын құру; ұлттық инженер кадрларды тәрбиелеу; кеңестің жоғары үкіметтік орындарда кен орынының күрделі ауқымы туралы өзінің дұрыстығын дәлелдеу қажеттілігі; Үлкен Жезқазған кен-металургиялық комбинатының құрылысын негіздеу; комбинатты құру, қаланы салу жолындағы қиындықтарды жеңу қажет еді. Шексіз даланың ортасында керемет жаңа заманға сай жасыл қала – бөген (су қоймасы), алдыңғы қатарлы жер асты техникасы, карьерлері, алып шахталары бар зор кеніш; тамаша байыту фабрикалары; мыс зауыты және еңбекқор мақсатты адамдар көруді армандады. Қаныш Имантайұлы өзінің практикалық қызметінің бастапқы кезінен-ақ алғыр ойлы, ой-өрісі кең, осы аумақтың бай экономикалық сұрақтарының барлығының жауабын кешенді қамтитын және айқын түсінетін табиғи дарыны, көрнекті ұйымдастырушылық қабілеті ашылды.

Жезқазғандағы жұмысының бірінші күндерінен бастап Қаныш Имантайұлы осы ауданға мемлекеттік жоспарлау органдар мен ғылыми мекемелерді шақырмайынша бұл ауданды жылдам игеру мүмкін еместігін түсінді. Сондықтан 1928 жылдың қаңтарында ол «Халық шаруашылығы» журналына «Қарсақбай ауданы және оның болашағы» атты ғылыми мақаласы шығады. Бұл Қаныш Имантайұлының бірінші мақаласы, еліміз бен республикамыздың халық шаруашылығы үшін оның әртүрлі табиғи ресурстарының мәнін анықтайтын ауданды дамытудың экономикалық және түбегейлі мәселелеріне арналған еді. Ертеден бергі қолдағы бар геологиялық материалдарды егжей-тегжейлі зерттеудің және өзінің жинақтаған геологиялық бақылаулардың нәтижесінде Қаныш Имантайұлы Жезқазған кен орынын КСРО мыс өнеркәсібінің басты болашақ кен базасы ретінде тұжырымдайды. Бұл мәселеге ол басқа мақаланы арнайды, ол 1928 жылы «Қазақстан халық шаруашылығы» журналында жарияланды: «Атабасар мыс ісі және оның болашағы». Жезқазған және Жезқазған ауданы туралы жұмыстар саны жылдам артты, және оларды жариялау өмірінің соңына дейін тоқтаған жоқ.

1929 жылы елімізді индустрияландырудың алғашқы бесжылдық жоспарын құру бойынша дайындық жұмыстары кешенді түрде жүргізілді. Өзінің батыл геологиялық болжамына сүйене отырып, Қаныш Имантайұлы геологиялық жұмыстарды жылдамдатуды талап етті және КСРО халық шаруашылығының жоғары кеңесі алдына алғашқы бесжылдықта Жезқазған рудаларының негізінде жаңа мыс комбинатын салу қажеттілігі туралы мәселені қойды. Осылай алғаш рет үлкен Жезқазған туралы идея туды. Главметаллдың сол кездегі басшысы, Геолком сарапшыларының қорытындысына сүйеніп, бұл идея таза фантазия ретінде қабылданды. Өзінің Жезқазған масштабы туралы пікірінің дұрыстығын тезірек дәлелдеу үшін оған геологиялық барлау жұмыстарының қарқынын бірден арттыру қажет болды. Жезқазғандағы осы жұмысының алғашқы кезеңінде ол тек қана ұйымдастырушылық қабілет көрсетіп қана қоймай, мемлекеттік қырағылық танытты, жергілікті тұрғындардан құралған техникалық кадрлар мен білікті жұмысшыларды дайындау курсын дұрыс ұйымдастыра білді. Бұл жергілікті көшпелі тұрғындардың ғасырлар бойғы өмір қалпын түбегейлі өзгертуге және геологиялық жұмыстардың ойдағыдай әрі қарай дамуы үшін қажетті алғышарт жасады. Қажырлы Қаныш Имантайұлының Жезқазғанның зор болашағына деген үміті, геологиялық барлаушылар ұжымының қиындықтарға қарамастан жұмыс жасауына ықпал етті, өте қысқа мерзімде, 2-3 жыл ішінде алғашқы үміт ететін нәтижелер алды. 1931 жылдың аяғында Жезқазған жер қойнауында табылған қорлардың арқасында, ол КСРО мыс кен орындары арасында бірінші орынды иеленді. Осы уақытта алынған жаңа геологиялық материалдар Қаныш Имантайұлына 1932 жылы оның алғашқы «Жезқазғанның мыс өңірі және оның минералды ресурстары» атты монографиясын әзірлеп, жарыққа шығаруға мүмкіндік берді, онда 1929-1931 жылдардағы Жезқазған ауданындағы кеңейтілген геологиялық барлау зерттеулерінің қорытындылары және кен орынындағы әрі қарайғы жасалатын жұмыстардың бағдарламасы келтірілген. КСРО-да бірінші орынға шығып және әлемдегі ірі мыс аймақтарының бірі атанғаны Жезқазған кен орыны жайындағы осы уақытқа дейінгі бұрынғы көзқарасты түпкілікті қайта қарау, ол осы кен орынның геологиялық ерекшеліктерін зерттеудегі тынымсыз еңбектің нәтижесі болды. Жезқазғанның бұрынғы зерттеу мәліметтеріне қарсы жаңа зерттеулердің негізінде Қ.И.Сәтбаев келесі деректерді белгіледі: Жезқазған кен қабаттарының жалпы қуаттылығы жағынан кен орнының әлеуетті мүмкіндіктерін бағалау үшін, маңызы зор жалпы қуаты бұрынғы зерттеулерде 300-350 метрді анықтаған болатын. Қ.И.Сәтбаевтың зерттеулері бойынша оның қуаты екі есеге артқан, 650-700 метрге тең болған.

Қ.И.Сәтбаев құрастырған Жезқазған жыныстарының дәл стратиграфиялық бағанасы алғаш рет осы кен орынын барлаушыларға біртекті және мылқау Жезқазғанның кен қабаттарына үйренуге, жобалық тереңдікті және өтетін бұрғы ұңғымасының кескінін анықтауға, яғни геологиялық барлау жұмыстарын ашық көзбен жүргізуге мүмкіндік берді. 1931 жылы құрастырылған Жезқазған кен қатпарының бөлшекті стратиграфиялық бағанының дұрыстығы уақыт сынынан өткен және әлі де өз маңызын сақтауда. Барлық осы геологиялық түсініктер: Жезқазған кен қабаттарының жалпы қуаты еселенген, жеке кенді жиектер саны екі еселенген немесе үш еселенген, бір ғана емес, екі кен ыдырауы фазасының болуы, олардың екіншісі – мыс-қорғасынды рудаландыру, Жезқазған болашақ кәсіпорынын дұрыс бағалау үшін барлық негізгі алғышарттарды жағымды жаққа түбегейлі өзгертті, ең бастысы осы кен орынындағы геологиялық жұмыстарды дұрыс және прогрессивті ғылыми теориямен қаруландырды. Қаныш Имантайұлының тәжірибелік қызметтегі негізгі бағыттар сол уақытта да және одан кейін де барлық Жезқазған ауданының пайдалы қазбалар кен орындарын зерттеудің кешенді тәсілі болатын, минералды шикізат қорларына экономикалық баға беруге ұмтылу, оларды қысқа мерзімде ел қызметіне тарту. Бұл бағыттар оның әрі қарайғы ауқымды геолог қызметіндегі басты бағыт болып қалды.

1931 жылы Халық Шаруашылығының Жоғары Кеңесінде КСРО-да Жезқазған минералды шикізатының бай қорының, Үлкен Жезқазған комбинаты деп аталатын мыс балқыту зауытының негізінде құрылыс туралы шешім қабылданды. КСРО ірі мыс балқыту комбинатының техникалық жобасын құрастыру бойынша жұмыс 1932 жылға қарай қызу жүрді. Алайда, 1933 жылдың ақпанында Жезқазғанның геолог-барлаушылар ұжымының жұмысы Главцветмет тарапынан әрі қарай қаржыландырудан бас тартуы себепті кенеттен тоқтатылды. Үлкен Жезқазған үшін жаңа күрес кезеңі басталды. 1933-1934 жылдары Қаныш Имантайұлы өзінің қажырлығымен, табандылығымен Жезқазғанның кадрлары менн геологиялық барлау қызмет орынын сақтап қалуға тырысты. Жезқазған үшін осы қиын сәтте де Қаныш Имантайұлы қол қусырып отырмады. Ол КСРО ХШЖК тікелей жетекшісі Г.К. Орджоникидзеден көмек сұрауды ұйғарды. Алайда, алдын ала еліміздің беделді ғылыми органдары тарапынан қолдау алу қажет болды. Осыдан кейін Мәскеудегі КСРО жанындағы Ғылым академиясы Үлкен Жезқазған мен Үлкен Алтайдағы өндіргіш күштерге арналған арнаулы ғылыми сессия шақыру идеясы туды. Бұл сессия академик А.Д.Архангельскийдің жетекшілігімен ұйымдастырылып, 1934 жылы қарашада өткізілді, 35 жасар инженер-геолог Қаныш Имантайұлы осы сессияны дайындауға және өткізуге белсене қатысты. Бұл іс-шараның міндеті мен маңызын толықтай түсінген ол Жезқазған геолог-барлаушылар ұжымының жасаған ауқымды жұмысының нәтижелері туралы толыққанды материалдар мен баяндама құрастырды. Бұл сессияда оларға Жезқазғанның ресурстары мен оның болашағы туралы айтылып қана қоймай, кен орынын геологиялық құрудағы бекітілген маңызды фактор туралы да баяндалды. Геологиялық ғылымда Қаныш Имантайұлымен Жезқазған кен орнының жекелеген қаттарының литологиялық ерекшеліктерімен кен орындарындағы қатпарлы құрылымның және олардың генетикалық байланыстағы қабатішілік аймақтарының қатпарлануы мен тектоникалық бұзылулары бірінші рет дәлелденді. Бұл жаңалық тек Жезқазған үшін ғана емес, сәл кейінірек анықталғандай Қазақстанның басқа да Қаратау және кенді Алтай сияқты ірі кеніштеріндегі жетекші тектоникалық кентүзілу факторлары туралы Қ.И.Сәтбаев алғашқы рет осы ғылыми сессияда баяндады. Бұл сессиядағы еңбектер «Үлкен Жезқазған» атты атаумен 1935 жылы КСРО Ғылым академиясында жарияланды.

**Фатима ЖАҚСЫБЕКОВА,**
**Жезқазған қаласы мемлекеттік архиві құжаттардың сақталуын, мемлекеттік есепке алынуын қамтамасыз ету және ҒАА бөлімінің басшысы**

*Жалғасы бар*

# АҚСАҚАЛДАР ДА АЗ ТЕР ТӨККЕН ЖОҚ

1954 жыл өлкеміз үшін ерекше жыл болды. Сол жылы Сарыарқаның Ұлытау өңірінде тұңғыш қала – Жезқазған қаласы өмірге келді. Қаланың атын таңдауда қиыншылық тумаған сияқты. Өйткені сонау көне заманнан мыс қазылып, жез жасалған аты тарихта белгілі бұл өңір Жезқазған атын ертеден әйгілеген еді. Дәлме-дәл айтылса, ол Мысқазған болуы керек еді. Бірақ та адамдар мысты қорытып алғанымен оны жұмсақтығы себебінен тіршілікте пайдалана алмады. Сондықтан олар мыстан қорытпа жасап жез шығарып, кең көлемде пайдалана бастады. Осы себептен болу керек мыс жаратылған жерді Жез өңірі немесе Жезқазған деп атап кеткен.

Бұл көшпелі тіршілікпен күн көрген халық мекенінде тұңғыш тұрақты қоныстар 1926 жылы кеңес үкіметінің Қарсақбай мыс қорыту зауытын салу туралы қабылдаған шешімінен кейін басталған. Алғашқы құрылыстар Қарсақбайда, Байқоңырда, Жезқазғанның «Руднигінде» пайда бола бастаған. Сәл кейінірек, Кеңгір өзенінің Наушабай деген жеріне бөгет салынып, су қоймасы жасала бастаған кез, бұл жерлерде де қоныстану құрылыстары пайда болды.

Бірінші, екінші, үшінші ауылдар деп аталған, өзен бойын жағалай салынған Жалпылай аты Наушабай деп аталған осы қоныс қазіргі қаламыздың бастамасы болған. Кейін бұл кеніштің аты Кеңгірге өзгертіліп, одан кейін Соцгород аталып, содан кейін барып Жезқазған қаласы болған.

Қаламыздың биыл 65 жылдығы аталып өтеді. Осыған байланысты қаламызбен қатар жасасқан кімде кімнің де еске аларлары болар. Мен де осы өңірдің тумасы ретінде аздаған естеліктерімді ортаға салуды дұрыс көрдім.

Мен 1954 жылы қазір Сәтбаев қаласына көшіріліп жатқан Жезқазған («Рудник») кентінің №7 орта мектебін бітірдім. Қаламыз ол кезде әлі Соцгород аталатын. Рудник пен Соцгородтың арасы 25 шақырым, ашық дала, қатынас сирек болатын. Сол себептен болу керек Соцгородқа мен бір-ақ рет келіппін. Оның өзі досым Төлеубай Есеновтің тілегімен болған. Бір шаруасына байланысты ол осында келмекші болып, маған бірге серік бол деп қолқалады. Ол менің досым еді. Рудниктен шығарда ол маған қалтасынан жинатылған велосипедтің цепын беріп, өзінде карсет барын көрсетті. Мұндай қаруланып жүрудің ол кезде негізі бар еді. Неліктен екені белгісіз, сол кезде қазақ мектебінің оқушылары мен орыс мектебінің оқушылары жиі төбелесетін. Сондай бір жайда Төлеубай екеуміз клубтан кино көріп шыққанымызда он шақты орыс балаларының ортасына түсіп таяқ жегеніміз бар. Содан кейін болу керек, ол жаңағы айтқан қаруларды алып жүретін сияқты. Дегенмен Соцгородта бізге ешкім тиісе қойған жоқ. Сол жолы Соцгородта байқағаным, кеңшарда Финляндиядан әкелінген қабырғалары қарағай шиттерден тұратын 2 қабатты құрастырылған үйлер салына бастаған екен. Кенттің тез қанаттанып қала деңгейіне жетуіне осы үйлердің көмегі мол болған.

Кейін қалада қабырғалары кірпіштен, бетоннан тұратын үйлер көбейіп, қаланы көріктендіріп, әдемі сипатына әкелгеннен кейін, алғашқы салынған қарағай қабырғалы сол үйлер өздерінің міндеттерін атқарып, керексіз жағдайларға ұшыраған түрлері бар.

Қазір қала 65 жылдығына дайындалып жатқанда әдемі көшелердің бойында тұрған жұпыны бейнелі сол үйлер «бізге де көздерің қашан түседі» деп, жетім балалардай жаутаңдап тұрған сияқты.

Бұл жағдайдың қала тұрғындарының мерекелік шаттаныс көңілдеріне көлеңке түсірері сөзсіз. Досым Төлеубай Есеновтің әкесі Бодық Есенов сол кезде Жезқазған мыс өндіру комбинаты кәсіподақ ұйымының төрағасы екенін кейін білдім. Ол кісі беделді де бетті басшылардың бірі болған. Кеңес үкіметінің түсті металлургия министрі әйгілі П.Ломако келіп мыс өндіру ауқымын көбейту туралы өткізген жиынында:

– Отанға мыс керек, мысты өндіру үшін адам керек, адам үшін өмірге қажетті жағдайлар жасалуы керек. Сіз бізден жоспардың орындалуын сұрайсыз, шахтерлардың жағдайы қалай деп кім сұрайды, оларға салынған үйлер жоқ, өздері салып алған лашықтарда тұрып жатыр. Құрылыс салу қашан басталады? – деген екен.

Осыдан кейін министр комиссия шығартып, құрылыс салу мәселесін бастатқан екен. Қаламызды қала ғылып тұрған үйлер осы жүректі жерлесіміздің еңбегінің арқасында салынғанын кім де кім білер ме екен, осы жерлесіміздің атына берілген көше бар ма екен? Мерекелі жылдарда қаламыздың салынуына, өсіп-өркендеуіне үлес қосқан жерлестеріміздің аттарын жаңғыртып, олардың алдындағы борыштарымызды атқарып жатсақ, біз де бір міндетімізді атқарарымыз сөзсіз.

Қаламыздың өсіп-өркендеу жылдарында мен сырт өңірде жүрдім.

1954 жылы мектепті бітіріп, Алматыға білім сапарымен кеткеннен 48 жылдан кейін оралдым. Бұл жылдарда Ағадыр аймағында жерасты кендерін іздеу, барлау, өндірістік игеруге дайындау жұмыстарымен шұғылдандым. Жезқазған өңірінің тумасы ретінде туған жерімнің атағын жоғары ұстауға тырыстым. Осы жылдарда өзімнің қатысуыммен, басшылық етуіммен табылып, зерттеліп, қорлары бекітілген 7 жерасты суларының шоғырланған жерінің 3-уі қазіргі күні Ақжол, Мойынты, Ақадыр кенттерінің ұзақ жылдар бойғы мұқтажына пайдаланылуда. Сол сияқты өзім басқарған Ақадыр геологиялық барлау Жоғарғы Қайрақты, Көктіңкөлі, Қатпар кен орындары 1986 жылы өндірістік игеру жоспарына кіргізілді. Жоғарғы Қайрақтыда 1991 жылға дейін жоғарғы Қайрақты металлургия комбинаты салына бастап, тоқырау заманында тоқтатылды.

Соңғы мәлімет бойынша Жоғарғы Қайрақты вольфрам кен орнын қытайлықтар алып, игеруге кіріскен көрінеді. Жезқазғанға 2002 жылы зейнеткер қатарына шыққаннан кейін оралдым. Бастапқы назар аударғаным қала халқының ішіп отырған суының сапасының күмәнді екені болды.

Арнайы зерттеліп дайындалған, көлемі жеткілікті, сапасы жоғары Айдос жерасты суларын толық көлемде әкелмей халыққа сапасы төмен Кеңгір қоймасының суымен араластырып беріліп отырғанына жергілікті басшылықтың назарын аударта бастадым. Бұның халықтың денсаулығына тікелей нұсқан келтіретінін дәлелдей отырып, шешу жолдарын ұсындым. Нәтижесінде қала мен Айдостың арасындағы су тарту құбырының 20 шақырымы жаңартылды. Қалған 55 шақырымына жаңарту жоспары жасалуда.

2009 жылы үкімет Қазақстанның «Үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы» жоспарын жариялады. Осы құжатпен танысқан сол кездегі ардагерлер кеңесінің төрағасы Мырқы Ақпанбетов пен ақсақалдар алқасының төрағасы Өмірзақ Оспановтың шақыруымен геолог Мәлік Омаров, энергетик – Тұрхан Исмагулов және мен бірігіп осы жоспармен таныса отырып, бұл көлемді материалға Жезқазған өңірінен бірде-бір нысан кірмегенін байқадық.

Тәуелсіздік кезеңінен бастап бұл өңірде ешқандай жаңалық жоқ екенін, өзекті проблемалардың көбейіп жатқанын атап көрсетіп Премьер министрге хат жолдадық. Бұл хатымызға жауапты дайындаған облыс әкімінің орынбасары Т. Рақымбеков біздің біреуімізбен де сөйлеспей, өз тұрғысынан алаңдайтын ештеңе жоқ деп үкіметтің атынан бізге жауап жіберді.

Шенеуліктің жасаған осы өрескелдігін көрсетіп, Президенттің атына хат жаздық. Нәтижесінде Т. Рахымбеков қызметінен босатылып, үкімет «Жезқазған, Сәтбаев қалалары мен Ұлытау ауданының 2012-2017 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық дамуының кешенді жоспарын» қабылдады. Бұл жоспарға қаланың көп жылдар шешімін таппай жатқан әлеумет саласының мәселелері енгізіліп, осы күндері шешімін табуда. Осымен қатар басқа өңірлерден де осы тәріздес арыздардың алдын-алу мақсатында «Моногородтар жоспары» деген жоспар қабылданды. Осы екі құжаттың республиканың көптеген шағын қалаларының өркендеуі үшін едәуір маңызы болды.

Біздің қаламызда «кешенді...» бағдарламамен қатар жергілікті әкімдіктер «Моноқала» бағдарламасы бойынша үкімет саласынан бөлінген қаражат алып, біраз жоспарлар іске асырылды. Кешенді бағдарлама 2015 жылы толықтырылып, 2020 жылға дейін созылды. Осылайша еңбек жасынан өткен қаланың бес ақсақалы қаланың өркендеуіне үлесін қосты. Біздің бұл еңбегіміз жоғары жақтағылардың барлығына бірдей ұнады деп тағы айта алмаймыз. Сынға ұшыраған кезіміз де болды. Сонда да ақсақалдардың беті қайтпады. Кешенді бағдарламаға кірген «Жезқазған-Бейнеу» темір жолын бастау кезеңінде де тағы бір айқасу болды.

Жол салудың алғашқы жоспарында темір жолдың табаны Жезқазғаннан Бейнеуге бағытталып, тіке сызу қалпында салынбақшы екен. Ол жол Қарсақбай, Байқоңыр, Қоскөл сияқты ел қоныстанған жерлерге соқпай тегіс жерлермен өтетін болған. Осыны естігеннен кейін ақсақалдар үкіметке тағы хат жаздық.

Көп кешікпей теміржол құрылысын жоспарлау департаментінің басшысы бастаған бір топ Жезқазғанға келіп, ақсақалдармен кездесу өткізді. Кездесу барысында көптеген сұрақтардың ішінде менің қойған:

– Осы темір жолды қамтамасыз ететін станциялар мен разъездер бола ма? Оларда тұратын адамдарға судың қажеттілігі бола ма, ол суды іздеп, тауып беру қарастырылған ба? Қазіргі халық орналасқан су көздерімен қамтамасыз етілген Қарсақбай, Байқоңыр, Қоскөл сияқты ел мекендерін неге пайдаланбасқа? Бұл жобаларыңның экономикалық тиімділігін ескерген адам бар ма? – деген сұрақтарым шешуші рөл атқарғандай болды. Департамент басшысы кейін арнайы келіп, жолдың жобасын аталған елді-мекендерді басып өтетін қылып өзгертіп кетті. Осылайша қала ақсақалдарының дүмпуімен өзгертіліп салынған темір жолдың игілігін елді-мекендер көріп отыр.

Қазіргі өркендеп өскен қаламызды гүлдендіре түсетін мәдени тарихи ескерткіштердің ішінде ерекше орын алып тұрған Кетбұқа бабамыздың ескерткіші. Бұл ескерткіш ел ақсақалдарының атқарған тағы бір игілікті ісі еді. Осы іске халықты жұмылдырып, әбүйірлі нәтижеге жеткізуге ерекше күш салған Төлеген Бүкіров бастаған алқа мүшелері болды. Дайын істің дұрыс бағасы кейде берілмей жататыны бар ғой. Бұны да оңай іс деп бағалайтындар болар. Шынында бұл іс осыны бастаған азаматтарды сынайтын үлкен сынақ болды.

Жоғарыда сөз етілген қала, өңір болашағы үшін атқарылған істер ел қарияларының халық қамын ойлап, сол үшін күш-жігерін аямай қолдан келгенінше тер төккенінің айқын көрінісі дегім келеді. Кеш болса да осы істердің ортасында жүріп, сүйікті қалам алдындағы өз борышымды атқардым деп санаймын.

**Сұлтан СҮТБАЕВ,**
**Қазақстан Республикасының Құрметті геологы**

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ЖЕТІ ҚЫРЫ

# ҰЛТ РУХАНИЯТЫНЫҢ АЛТЫН БЕСІГІ





Таяуда Алматыдағы «Тұран» университетінде «Ұлытау – қазақ жеріндегі мемлекеттілік пен хандық билік институтының алтын бесігі» атты ғылыми-тәжірибелік конференция болып өтті. Президент Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен басталған «Рухани жаңғыру» бағдарламасы және «Ұлы Даланың жеті қыры» мақаласы аясында Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындары қауымдастығы, «Тұран» университеті және «Ұлытау алтын мұрасы» қоғамдық қоры бірлесіп өткізген бұл рухани-мәдени, ғылыми-танымдық шараға білікті тарихшы ғалымдар, құқық саласының мамандары, саясаттанушылар, белгілі қоғам қайраткерлері, жоғарғы оқу орындарының студенттері, магистранттары, докторанттары, қоғамдық-саяси ұйым мүшелері, БАҚ өкілдері қатысты.

Экономика ғылымдарының докторы, Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындары қауымдастығы президенті, «Тұран» университетінің ректоры, «Ұлытау алтын мұрасы» қоғамдық қорының төрағасы Рахман Алшанұлының шебер жетекшілігімен өткен конференция жұмысы Н.Ә.Назарбаевтың Ұлытау төрінде берген сұхбатынан үзінді келтірілген бейне көрініспен басталды. Осы сұхбат барысында Елбасы туған жерін түлетуді, егемен елінің еңсесін көтеруді азаматтық парызым деп ұғатын ұрпақ тәрбиелеу жолында ғасырлар шежіресін қойнауына көмкерген, білуге ұмтылған сайын тереңге кететін қасиетті де киелі Ұлытаудың орны ерекше екендігін, Ұлытаудың беделін көтеру – мемлекеттің беделін көтеру деп білу керектігін айрықша атап өтті.

Бейне көріністен кейін Қарағанды облысының әкімі Ерлан Қошановтың конференция жұмысына сәттілік тілеген құттықтау хатын Ұлытау ауданының әкімі, кемел ойдың, кестелі тілдің иесі Әнуар Омаров оқып берді. Өз кезегінде, Әнуар Серікбайұлы Ұлытаудың ұлттық психологияны қалыптастыруда ғана емес, жалпы отандық, патриоттық сезімге бүкіл қазақстандықтарды баулуда да мүмкіндігі шексіз екендігіне, сондықтан бұл қасиетті өңірді рухани Меккеге айналдыру үшін барлық қам-қарекеттерді жасау қажеттігін ескерте отырып, сол мақсатта, бірінші кезекте, Ұлытауды қазақтың алғашқы астаналарының қатарына енгізу, киелі өлкенің құндылықтары төңірегіндегі бүгінде орын алып отырған сан қилы пікірлер мен болжамдарды ғылыми тұрғыдан біріздiлікке салу, жоғары билік тарапынан шынайы жанашырлық таныту тәрізді өзекті мәселелердің шешілуі керектігіне назар аударды.

Пленарлық отырыста сөз сөйлеген Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтының ғалымдары Әлімғазы Дәулетханов, Ахмет Тоқтабай, Факия Шамшиденова, Қазақ ұлттық аграрлық университетінің профессоры, тарих ғылымдарының докторы Ханкелді Әбжанов, Ө.А.Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінің ректоры, профессор Әбдімәлік Тәкішев, сондай-ақ, философия, саясаттану және дінтану институтының аға ғылыми қызметкері, Phd докторы Нұркен Айтымбетов конференция тақырыбы бойынша өздерінің терең мағыналы ойларымен, өте құнды пікірлерімен бөлісті. Баурайында талай ұлы тұлғалар мен ұлы ойлар жаратылған, ел басына қиын-қыстау күн туғанда исі қазаққа ұран тасталып, халықты ұлы істерге көтеретін Ұлытауды ұлықтау, мәртебесіне сай тұғырға орнықтыру бағытында нақты ұсыныстар да айтылды әрі бұл тұрғыда қолға алынып жатқан жұмыстар туралы да сөз болды.

Мәселен, Ұлытаудың перзенті, бүгінде Қазақ тағамтану академиясының президенті, академик Төрегелді Шарманов конференцияға қатысушыларға арнайы жолдаған хатында Ұлытауды әлемге таныту қажеттігін айта келе, осы мақсатта 2016 жылы Алматы қаласында бие сүті негізінде өнімдер шығаратын «Ұлытау» саламатты тағамтану орталығын ашып, денсаулыққа аса пайдалы, әлемде тұңғыш рет биенің сүті негізінде әзірленетін инновациялық өнімдерді жаппай тұтынуға ұсынып отырғанын жеткізді, ал бұл ғылыми жиынға келген академия қызметкерлері «Ulytau» брендімен дайындалған аталмыш өнімдерді жиналғандарға таныстырды.

Сонымен бірге, осынау конференцияны дайындау, оны жоғары деңгейде өткізу ісінде көп еңбек сіңірген «Ұлытау алтын мұрасы» қоғамдық қорының атқарушы директоры, қазақтың саф алтындай табиғи мінез-құлқын, тереңнен толғайтын телегейлігін бойына молынан сіңіріп өскен, ел қадірін, жер қадірін перзенттік жүрек тебіренісімен ұғатын, дарабоз дала тағдырымен жан дүниесі бітісіп, бірігіп кеткен Ғалымжан Әбдібеков Алматы қаласындағы көшелердің және метрополитен станцияларының біріне Ұлытаудың атын бергізуге тиісті шаралар қабылданып жатқанын хабарлай отырып, Ұлытауға арнайы «Ұлттық парк» статусын беру туралы ұсынысын білдірді.

Ұлытау өңірінің тарихи-мәдени дүниелері, көне – әдеби мұралары жайлы ақпарат беріп отыру үшін профессор Ханкелді Әбжанов тоқсан сайын ғылыми жинақ шығаруды ұсынса, саясаттанушы Кенжеболат Жолдыбай бұл мақсатта мерзімді баспасөзбен қатар әлеуметтік желіні пайдаланған жөн деп санайды. Сондай-ақ, Жолдыбай Үкімет тарапынан 88 іс-шарадан тұратын «Жезқазған, Сәтбаев қалалары мен Ұлытау ауданын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2012-2020 жылдарға арналған кешенді жоспары» қабылданғанын, оған 351,5 миллиард теңге бөлінгенін айта келе, бұл құжаттың орындалу барысы туралы конференцияға қатысып отырған ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Арман Қожахметовтен жаңадан тағайындалған Үкіметке депутаттық сауал жолдауды өтінді.

Жалпы, «Ұлытау – ұлт руханиятының алтын бесігі, ұлттық кодтың бастауы. Дәл осы арада алты Алаштың баласы бас қосып, қазақ мемлекетінің іргетасы қаланған. Хан ордасы бой көтеріп, үш жүздің баласы жаңа мемлекеттің туын желбіретті. Сондықтан да оның тарихы һәм рухани маңызы жоғары» деп Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Ұлытауға берген бағасына толықтай дөп келу үшін конференцияда айтылған ұсыныстарды Қазақстан Үкіметіне жіберу жөніндегі шешім бірауыздан қабылданды.

**Кенжеболат ЖОЛДЫБАЙ,**
**саясаттанушы.**
*Нұрсұлтан қаласы*

ТУҒАН ЖЕР ТАРИХЫНАН

# ҚАСИЕТ ДАРЫҒАН БАБАЛАР

**Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасында: «Төл тарихымызға, бабаларымыздың өмір салтына бір сәт үңіліп көрсек, шынайы прагматизмнің талай жарқын үлгілерін табуға болады... Біз жаңғыру жолында бабалардан мирас болып, қанымызға сіңген, бүгінде тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерді қайта түлетуіміз керек» деп айтқаны есте. Осы орайда өзіміз өмір сүріп жатқан өңірдің жүз, екі жүз жылдай бұрынғы ахуалы, тіпті одан берідегі бала кезімдегі есте қалған тұмса табиғаттың тазалығындай ел-жұрттың, ағайын-туыстың ымыра-бірлігі, бір-бірін қолтықтан сүйейтіндей ерекше татулығы еске түседі.**

Қарсақбай-Байқоңыр өңірі туралы, осы алқапты ата қоныс етіп жайлаған жергілікті рулар төңірегінде біршама мағлұматтарды арқау еткен Жексен Дүйсекеевтің осыдан 48 жылдай бұрын жарық көрген «Гүлденген өңір» деген кітабын оқыған едім. Онда Байқоңыр өзенінің екі жағындағы алқаптың Бабас руына қараған бір атаның баласы мен Мамай ауылының күзеуі екені айтылады. Одан әрі кені бар жерді сатып алған ағылшындар бергі жағы Құмола, арғы жағы Жыланды, Кеңгір, Жезді өзендерінің бойында ұзынды-қысқалы арықтар мен ор, құдық қазып, машинамен бұрғылап, ін қазған зормандай жердің берекесін кетіре бастағаны туралы әңгімелейді. Ағылшындар жер-көкті тіміскілеп «жанар» тас іздеп жүрген көрінеді деген қауесет ел арасына тарап, ол тасты Жақып деген кісінің тауып бергендігі туралы айтады. Мұндай тас Жақыптың үйінде қысы-жазы үзілмейтін дейді. Енді мен осы әңгімеге кейіпкер болған Жақып туралы өзімнің білетін деректерімді ортаға салып, біраз мағлұмат беруді жөн көріп отырмын.

Жақып деп отырғаны — Жақыпбек деген кісі. Қазақтың ру шежіресіндегі қалыптасқан жеті ата желісімен таратсақ, Жақыпбек Қарпықұлының ата-тегі Найман – Ақтаз – Бабас – Монтай- Жанғабыл- Шоқпар-Қарпық болып келеді. Бабас бабамыздың екі баласы – Есенкелді мен Монтайдың ұрпақтары Кішітаудан бастау алатын Байқоңыр өзенін жағалай отыратын. Ал, кіші баласы Айтбайдың ұрпақтары Ұлытаудың батысындағы Едіге тауының бауырындағы «Қорғантасты» құтты мекен еткен еді. Табиғаты таза, құлпырып тұратын өңір болатын. Қазіргі «Байқоңыр» ауылы тұрған жер бұрын «Шоқпар» деп аталатын. Біз сөз етіп отырған Жақыпбектің атасы Шоқпардың ата қоныс мекені болған. Шоқпардың қыстауы мен бейітінің орыны ауылдан әрірек жерде әлі күнге дейін сақталған. Малы аса көп болмағандықтан, бұл маңнан Шоқпар шұрайлы жайылым іздеп аса көп ұзамаса керек. Осы кісінің немересі Жақыпбек Қарпықұлы жобамен 1885 жылы туған. Мен бала күнімде бұл атайды көрдім. Колхоздың жаз бойы таусылмайтын науқандық жұмыстары кезінде көршілес отыратынбыз. Жақыпбек ақсақал ұзын бойлы, қара торы келген, өте мейірімді жан болатын. Бүкіл ауыл ол кісіні өте қатты құрмет тұтатын. Оның тағы бір мәнісі Жақыпбек атаның Бағаналы-Ақтаз-Сейіт-Шүртей бабаның шаңырағының иесі екендігінде. Осыған орай бүкіл Бабас руының адамдары Жақыпбек ата мен Күміс әжейді ерекше сыйлайтыны есімде. Елінің ерекше құрметіне бөленген ол кісінің қолы ашық, кез-келген адамға көмек беруге дайын тұратын. Өте қонақжай шаңырақ болды. Жалғыз ұлы Сматай менің әкем Әбрезбен жасты, екеуі құрдас еді. Сматайдан үш ұл болды. Соның ортаншысы Қауақбайдан туған Еркебұлан бүгінде танымал мәдениет қызметкері екенін айта кетейін. Жақыпбек атамыз 1956 жылы 71 жасында бақилық болды. Байқоңыр өзенінің бойындағы әкесінің атымен аталған «Қарпық» көңінде жерленген.

Жақыпбек атамыздың адамгершілік қасиеті туралы белгілі қоғам қайраткері, ғалым Оразай Батырбековтың «Тағдыр толқынында» кітабында айтылады. Оразай ағамыз қиын кездің өзінде қайыспаған аталарымыздың мәрттігін, ел ішіндегі алтын арқауы сөгілмеген сыйластықты әсерлі баяндайды.

«Қатира апамның мені елге жіберіп алуға мүмкіншілігі тек 1947 жылы ғана болды. Отан соғысынан кейін халықтың көңіл-күйі көтеріңкі болғанымен, тұрмыс жөнделіп кете қоймаған. Баяғы таршылық, жүдеушілік, жетіспеушілік. Соғыста қаза болған боздақтарды жоқтаудың өксігі әлі басылмаған. Менің елден кеткеніме алты жыл болған еді. Ауылды қатты сағынып барғам. Содан да болар, бүгінде осы сапарым есіме жиі түседі, тіпті түсіме де кіреді. Ауылдың қазына қарттары алыста жүрген ауыл азаматтарын, бақилық болған туыстарын қатты сағынады екен. Әсіресе, әкеміз Батырбекті, атамыз Баржақсыны ағайындарымыздың шын көңілдерімен сыйлайтындығына көзім жетіп, риза болдым. Әкемнің екі құрдас туысының мәрттігі, ынсабының молдығы мені әлі күнге дейін таңқалдырады. Ағайын-жұрт біраз мауқын басқаннан кейін әкемнің құрдасы Құлшымбайдың Досы әйелі Балтайды шақырып алып: «Қойды сойғыз, түгел ас. Алматыдағы асыл баламыз, айналайын Қатира, мына Оразай інісін елге барып, ағайындарға көрініп кел деп жіберіпті. Баланың бұл келісі маған Батырбек тіріліп келгендей. Мына жұрт біздің үйден Батекеңді еске алып, дәм татсын. Ас піскен соң хабар бер» деді. Жанында тұрған кісілер «Ой, Досеке, бұныңыз дұрыс болмас, жалғыз қойыңызды біздерге сойып бергенде, өздеріңіздің күнкөрістеріңіз қиын болады ғой», – десті. Оған Дос ақсақал: «Қойымды Батырбектің ұрпағына соймағанда, кімге соямын? Бәрің де біздің үйден дәм татыңдар», – деп әңгімені бітірді. Балтай шешей отағасының айтқанын сол мезетте даяр қылды. Ол кезде қой дегеніңіз бүгінгі жылқыдан да қымбат болатын.

Елге, жерге деген сағыныш-мауқымды басып, менің де Алматыға қайтатын мезгілім болып қалды. Жол қаражатына Әлібай мен Әлібек бір тайыншаны ыңғайлады. Әлібай тайыншаны үлкен малға айырбастауға заготскот конторасының қызметкері — біздің елдің күйеу жігіті Жолтаймен келіседі. Алдымен тайыншаны заготскоттың малына апарып өткізу керек. Сосын Қарсақбай кентінің жанындағы бордақыланған үлкен малдың бірін алып сойып, етін Қарсақбайда сатпақшы. Әлібай аға қызы Күнбөпе екеуімізге тайыншаны заготскот малына апарып қосуды тапсырды. Ол жер біздің ауылдан 15-20 шақырым қашықтықта. Тайыншаны Күнбөпе екеуміз жаяу жетектеп апаратын болдық. Елде көлік тапшы. Бір-екі мініс аттары бар кісілер көліктерін бере қоймады. Сол кезде әкемнің тағы бір құрдасы мәрттік танытты. Ол – Қарпықтың Жақыпбегі еді. Өзінің бүгін-ертең құлындайын деп тұрған биесін жетектеп келіпті. Ауыл адамдары «биеңіз айдалада құлын тастайды ғой» дегеніне: «Құлын тастамақ түгіл, биенің өзі арам қатса да Батырбектің баласына тайыншаны жаяу айдатпаймын» деп биенің үстіне өзі көтеріп мінгізді. Бірақ, Күнбөпе екеуміз, мен биенің үстінде, ол жаяу, тайыншаны айдай алмадық. Аттыға жаяу серік пе? Ауылдың жанындағы қырға шыққасын биені босатып жіберіп, ары қарай жаяу кеттік. Біздер кетісімен сол қырдың үстінде бие құлындапты. Ауылдағылар Жақыпбек ақсақалға да, біздерге де риза болысыпты. Бұл, сөз жоқ, Жақыпбектің құрдасын – әкемізді сыйлағандығы мен мәрт мінезінің айқын дәлелі ғой. Қайран әкелер-ай, адамгершіліктері мен өзара сыйластықтары, бір-бірін бағалай білуі, ұрпаққа деген қамқорлықтары ғажап еді-ау! Біз бүгінде мұның бірін білсек, бірін біле бермейтін тәріздіміз ғой, біле бермейміз...» Осы жолдарды оқи отырып, өткен заман адамдарының қадыр-қасиетіне, мәрт мінезіне тағы бір мәрте көз жеткізгендей болам. Бүгінгі ұрпақтар неге ұсақталып бара жатқанына қайран қалам?!

«Байқоңыр» ауылының терістік жағында Байқоңыр өзенінің бойында «Қара шың» деп аталатын биік жартасты шоқы бар. Осы шыңның бауырында отырған ауылдан 1918 жылдың жазында Балым апамыз халық батыры Аманкелді Имановқа ұзатылған еді. Екінші рет тұтқынға түскен халқымыздың ардақты азаматы Кейкі батырды да осы жерден алып өткен. Қызыл әскерлер ауылда аздап демалыс жасапты. Олай болған себебі – бұл ауыл Аманкелдінің қайын жұртынікі болғандықтан қауіпсіздеу санаса керек. Кейкі батырды серіктерімен түйеге екеу-екеуден отырғызып, қол-аяқтарын мықтап байлап тастаған. Ауыл ақсақалдарының: «Кейкіні босатып,бір үйден дәм ішуіне рұқсат беріңдер, қашып кетпеуіне кепілдік береміз» – деген өтініштерін күзет басшылары қабылдамапты. Көп кісінің жақындауына да рұқсат бермепті. Шыжыған күннің астында, түйенің үстінде отырыпты. Сол жерде қарап тұрған жасөспірім Әбрезге Кейкі батыр: «Балам-ай, су әкеліп берші» депті. Сол кезде әкем 14 жаста екен. Тұтқындағы батыр Кейкіге өз қолымен су ішкізгенін әкем ерекше айтып отырушы еді. Міне, туған өңір тарихында айтарлық қолтаңбасы бар осы адамдарды, сонымен қатар әкемнің айтқан әңгімелерін еске алға сайын толғанып, көңілге көп ойлар келеді. Шіркін, бұрынғы бабаларымыздың асыл қасиеттерін жоғалтып алмай, санамызда да, өн бойымызда да қайта жаңғыртсақ қандай ғанибет.

**Әлжаппар ӘБРЕЗҰЛЫ,**
**еңбек ардагері**

**Теректі ауылының №3 кітапхана–филиалында «Теректіден шыққан тектілер» жобасы аясында «Теректім – талбесігім» атты ақын Аққүлше Ибраеваның бенефисі өтті.**

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

# ТЕРЕКТІДЕГІ ТАҒЫЛЫМДЫ КЕШ



«Ақниет», «Айналайын» кітаптарының авторы, Жезқазған қаласының 60 жылдық мерейтойына арналған және «Ұлағатты ұстаз» медальдарының иегері, шабытты шығармаларымен оқырман жүрегінің төрінен орын ала білген Аққүлше Ібниқызы – Теректі ауылының тумасы. Елбасы мақаласында айтылған туған жерге тағзым етіп, кіндік қаны тамған топырақты қастерлеуді әсте ұмытпаған ақын қыз шығармашылық кешін атамекенінде өткізуді жөн көрген.

Шараны алғаш болып Теректі ауылының ақсақалы Жамантай Махмұтов пен Борсеңгір селолық округінің әкімі Мақсат Әбдікәрімов құттықтау сөзбен ашты. Келесі болып Мінәжат Мыңбаев атындағы №10 Борсеңгір жалпы орта мектебінің директоры Сүйіндік Егізеков және Теректі станциясының №6 негізгі орта мектебінің басшысы Гүлзада Жұмашова бенефис иесіне жылы лебіздерін білдірді. Құттықтаушылар қатарында ақынның жерлесі Бекзат Үмбетов те бар. Ол Аққүлше Ібниқызына деген ақ тілегін ақтарып, тарту-таралғыларын ұсынды. Жезқазған индустриалды-гуманитарлық колледжінің директоры Марал Тлеужанова да кеш иесіне құрмет көрсетті.

Мерекелік шара концертпен жалғасты. Бұл кеште Аққүлше Ібниқызының сөзіне жазылған әндер шырқалып, өлеңдер оқылды. Ақынның қалам тербеп жазбаған тақырыбы аз. Отан, туған жер, жастар, бақыт, ана, әже – осы тақырыптардың барлығы жайында оның теңдессіз шығармалары бар.

Жастарды тыңдағаннан кейін сахнаға Аққүлше апаның өзі шақырылды. Ол сиясы кеппеген, поэзияға жаңаша өрнектер мен айшықтар енгізген өлеңдерінің бірнешеуін оқып берді.

Әдеби кешті С.Сейфуллин атындағы орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің директоры Ғалия Түгелбаева қорытындылады. Ол ақынға шығармашылық табыс тілеп, естелік сыйлық тарту етті.

**Арайлым ЕРҚОҢЫРОВА**

БІЗДІҢ КИНО

**Осыдан екі жылдай бұрын Қазақстан Жазушылар одағының және Театр қайраткерлері одағының мүшесі Кенжебай Ахметов көркем фильм түсіруді қолға алған еді. Белгілі қаламгер үшін соны сала болып табылатын бұл жоба жақында толықтай жүзеге асып, монтаждау, дыбыстау жұмыстары аяқталды. Ендігі міндет — киноны көрермендер назарына ұсыну. Осыған орай, Жезқазғанда дүниеге келген «Наза» кинотуындының тұсаукесері бүгін Елордадағы Л.Гумилев атындағы Еуразия университетінің 1500 орындық концерт залында өтетін болды.**



# «НАЗА» ФИЛЬМІ АСТАНАДА КӨРСЕТІЛЕДІ

Тағдыр шырғалаңына құрылған «Наза» фильмінің негізгі оқиғасы өткен ғасырдың елуінші жылдарынан бастап, шамамен бүгінге дейінгі аралықты қамтиды. Кино туындысының желісі ішкі толғаныс, психологиялық иірімдер арқылы өрбиді. Басты кейіпкері Асанбектің образын С.Қожамқұлов атындағы драма театрының артисі Жұмағазы Бірмұқанов сомдайды. Басты кейіпкер отбасылық бақытынан айрылып, жан күйзелісіне ұшыраған бір жұмбақ адам. Асанбек досын Ресейден іздеп келетін Шораның ролінде Қазақстанның Халық артисі Досжан Жанботаев ойнайды. Сондай-ақ, үлкенді-кішілі қалған рольдері Бақытжан Ыбыраев, Құрман Игібаев, Ардақ Жарқынбеков сынды театр сахнасы шеберлерімен қатар, Амангелді Бұқар, Айтжан Жүнісова, Мәдина Бәйкенова, Қарлығаш Көшербаева, Балтабай Қызыров, Сәуле Әбединова сияқты көптеген қарапайым адамдардың қатысып ойнауы арқылы сәтті шыққан.

Жезқазғандағы жеке студияда жасалған кинодағы көріністің біраз жерлері Жаңаарқа және Ұлытау аудандарының әр өңірлерінде түсірілген. Фильмнің авторы да, режиссері де Кенжебай Ахметовтің өзі. Түсіру тобында оператор Нұрбол Үздікбаев, композитор Халықберген Әбілжанов және монтаж режиссері Қанат Мыңбай сияқты маман жастар бар. Тұсаукесері басталған «Наза» фильмін көп кешікпей жезқазғандықтар да тамашалауға тиіс.

**Амандық РАХҰЛЫ**

ЖЕРДІҢ АТЫ – ТАРИХТЫҢ ХАТЫ

# ОНОМАСТИКА және ТАРИХИ ДӘСТҮРЛІ АТАУЛАР

Ономастика мәселесі – тіл саясатының басты бағыттарының бірі. Себебі мемлекеттің, ұлттың сипаты ең алдымен оның тілі мен ономастикалық атауларынан көрінеді. Халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан болмысы, танымы, тағдыры елді-мекен, жер-су атауларында екені белгілі.

Ономастикалық атаулар тұлғалардың есімдерін ұлықтау, мәңгі есте қалдыру, тарихи оқиғалар, ұлттық құндылықтар мен географиялық жер-су атауларын насихаттау және сол арқылы жас ұрпаққа рухани-патриоттық тәрбие беру мақсатында беріледі.

Еліміздің жер-су, елді мекен атауларына көңіл бөлу, оларды тарихи тұрғыдан реттеу жұмыстары Тәуелсіздік алғаннан кейін қолға алынды. Кеңес одағы кезінде, сол замандағы тоталитарлық жүйенің әсерінен көп өзгеріске түсіп, қазақтың байырғы атауларынан бір белгі, не бір із қалмағандай еді. Бүгінде ұмытылып, халық жадынан өшірілген тарихи дәстүрлі атауларды қайтару, қалпына келтіруге мемлекеттік деңгейде үлкен көңіл бөлінуде.

Бүгінде ономастика саласында еліміздің барлық өңірлерінде жұмыстар жүргізіліп жатыр. Елімізде әлі күнге дейін кеңестік дәуірден қалып қойған, идеологиялық тұрғыдан ескірген атаулардың саны көп екені белгілі.

2017 жылы 28 ақпанда жергілікті жерлерде кездесетін идеологиялық тұрғыдан ескірген және қайталанатын атауларды тарихи жер-су атаулары және ұлттық танымға жақын дәстүрлі атаулармен өзгерту, сондай-ақ, кісі аттарына мейлінше шектеу қою туралы атқарушы органдар тарапынан тапсырма берілген. Бүгінгі таңда аталған тапсырмаға сәйкес жергілікті жерлерде тиісті жұмыстар жүргізіліп келеді. Қазіргі уақытта идеологиялық тұрғыдан ескірген және мағынасыз ономастикалық атауларды қайта өзгерту жұмыстары назарға алынған.

Осы орайда, Жезқазған қаласы және қалаға қарасты елді-мекендердегі ономастикалық атауларды ретке келтіру және тарихи атауларды жаңғырту мақсатында идеологиялық тұрғыдан ескірген атаулар мен қайталанатын атауларды тарихи жер-су атауларына алмастыру жұмыстары республикалық ономастика комиссиясымен мақұлданған «Тарихи тұлғалар», «Тарихи жер-су аттары», «Дәстүрлі атаулар» бойынша жасалған тізімдерге сәйкес жүйелі жүргізілуде.

Қалаға қарасты Талап селосындағы идеологиялық тұрғыдан ескірген 1 көше 2016 жылы, 1 көше 2018 жылы шешімін тауып, қайта аталды. 2018 жылы Малшыбай селосындағы атауы жоқ 5 көшеге атау берілді. Осы жылы Жезқазған қаласындағы идеологиялық тұрғыдан ескірген 18 көше бойынша көпшілік тыңдау өтіп, мақұлданды. Қазіргі таңда көше құжаттары тиісті органның қарауына жіберілді.

Алдағы уақытта да ономастика бойынша жұмыстар атқарыла бермек.

**Мәлік ЧАНТУОВ,**
**«Лира» мәдениет үйінің директоры**

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

**«Рухани жаңғыру» бағдарламасы шеңберінде Жезқазған музыкалық колледжінде республикалық «Сарын» өнер байқауының аймақтық туры өтті. Жеті номинация бойынша өткен конкурсқа Жезқазған-Ұлытау аймағынан 70-ке тарта өнерлі жас қатысуға ниет танытты.**

# «САРЫН» ӨНЕР БАЙҚАУЫ

## *жас таланттардың жолын ашты*



– Республикалық байқауды ұйымдастырудағы басты мақсат – жас таланттардың жұлдызын жағып, ұлттық аспаптардың қадірін арттыру арқылы ұлттық сананы жаңғыртып, ұлттық болмыстың өміршең қалпын жоғалтпауына үлес қосу, – деген байқаудың директоры Дамир Абашев конкурстың шарттарымен таныстырды.

«Сарын» республикалық байқауы күзде Алматы қаласында «Аспапта ойнау», «Дәстүрлі ән», «Вокал», «Роботтехникасы», «Хореография», «Бейнелеу және қолөнер», «Көркем сөз» аталымдары бойынша өткізіледі. Оған еліміздің түпкір-түпкірінен қатысушылар ағылатын болады. Республикалық додада бақтарын сынайтын таланттарды ұйымдастырушылар аймақтарда өткізген турларда анықтауда. Жезқазған-Ұлытау аймағынан бөлек мұндай іріктеу кезеңдері Тараз, Ақтөбе, Семей мен Өскемен қалаларында да өтпек. Байқаудың бір ерекшелігі – жеңімпаз атанғандарға және жалпы қатысушылардың барлығына қазақтың ұлттық аспаптары сыйға тартылады.

– Бүгінгі таңда халқымыздың ұлттық аспаптары ұмыт болып бара жатқаны жасырын емес. Қазіргі толқын домбырадан басқа ұлттық аспапта ойнамақ түгілі аты мен затын білмей жатады. Сондықтан, жас ұрпақтың сыбызғы, сырнай, қылқобыз сынды аспаптарға деген қызығушылығын арттырып, төл өнерді төрге оздыруды мақсат тұтудамыз. Осындай мазмұндағы байқауларды өткізуде үш жылға жуық тәжірибем бар. Қатысушыларға тарту етілетін аспаптардың барлығы кәсіби сахнада пайдалануға жарамды. Оларды ұлттық аспаптар шебері Азамат Бахия ағамыз дайындайды, – деген ұйымдастырушы қатысушылардың қарым-қабілетін таразыға салған қазылар алқасының осал еместігіне назар аудартты. Атап айтқанда байқаудың Жезқазғандағы турына «Мен қазақпын» мегажобасының гран-при иегері Бейбіт Мұса, «Алтын би» халықаралық ансамблінің көркемдік жетекшісі Ершат Шоқанаев, халықаралық және республикалық байқаулардың жеңімпазы Ерлан Манасаров қазылық етті.

Байқаудың қорытындысы бойынша «Дәстүрлі ән» аталымында Ырысдәулет Сүлеймен мен Алмагүл Қаратаева үздік атанды. Ал, «Вокал» номинациясында И.Мамажановаға ешкім тең келмесе, «Айналайын» тобы мен «Лашын» квартеті де жеңіс тұғырынан көрінді. Ұлттық аспаптарда ойнап, өнер көрсеткен А.Нұртай, И.Байгузиев, Д. Сайдалина мен А.Балтабекова республикалық турға жолдама алды. Саусағынан өнер тамған жас қолөнершілер А.Дербіс пен Д.Төлеуова да бас жүлдені қанжығалады. Роботтехникасын жетік меңгерген Ә.Бақия да қарсыластарын шаң қаптырып, бас жүлдені жеңіп алды. «Көркем сөз» аталымында Ә.Айтпайұлы мен М.Бекмұратованың бағы мен бабы қатар шапты.

Алда Жезқазғанның намысын республика деңгейінде қорғайтын жас өрендерге сәттілік тілеп, жеңістерімен құттықтаймыз.

**Бота ШАЛҚАР**

НАУРЫЗ НАҚЫШТАРЫ

# АТА ДӘСТҮРІМІЗ ДӘРІПТЕЛДІ

**Жезқазған гуманитарлық колледж оқытушылары мен оқушылары Наурыз тойын тойлап, жаңа жылды қарсы алды.**



Биыл Наурыз мейрамы жезқазғандықтар үшін ерекше. Өйткені, Ұлыстың ұлы күні қаланың 65 жылдық мерейтойына, сонымен қатар, Жастар жылына тұспа-тұс келді. Осыған орай, мысты қаладағы колледждер ай сайын өзара сайысқа түседі. Білім беру ордасы бір ай бойы түрлі мазмұндағы шаралар ұйымдастырып өткізеді. Наурыз айында кезек гуманитарлық колледжге бұйырыпты. Алты ай қыстан кейін келетін наурыз айы – берекелі, бірінші күнінен бастап мерекеге толы ай. Осындай молшылық пен тоқшылық айында жұрттың асыға күтетін Наурыз думанын колледж жоғары деңгейде атап өтті.

Білім ордасындағы ыстық бауырсақ пен наурыз көженің иісі байырғы ауылдың күнкөрісін көз алдымызға әкелді. Ал, сол ауылдың басты кейіпкері қамзол мен шапан киген жастар болды. Биыл бұл білім ордасы ұлық мерекені өзгеше идеямен тойлады. Әр курс оқушылары «Болман», «Тайжан», «Жезқазған», «Сәтбаев», «Ұлытау», «Қарсақбай» және «Жастар» ауылы болып бөлінді. Әр ауыл өз атауына байланысты тарихи мәліметтермен бөлісті. Сонымен қатар, өз өнерлерін көрсетіп, қонақтарға ақ дастарханнан дәм татқызды.

Қонақтар ең алдымен «Қарсақбай» ауылында болды. Бұл ауыл қонақтарды қазақтың көне дәстүрі бойынша, шашу шашып құшақ жая қарсы алды. Қыздар мың бұрала би билеп, шараны бастады. Ең алдымен жиналғандарды колледж директоры Айгүл Исахова құттықтады.

Мерекелік той барысында қонақтар дүниеге келген балаға азан шақырып ат қою, қырқынан шығару, тұсау кесер, сырға салу сынды халқымыздың көнеден келе жатқан салттарын көре алды. Шара ұлттық киімдердің дефилесімен жалғасты. Қазақтың ою-өрнегімен, әшекейімен көмкерілген қыздың қосетек көйлегі мен жігіттің шапаны көпшілікке ұсынылды.

Ұлттық мереке спорттық ойындарсыз өтпейтіні белгілі. Колледж жастары «күш атасын танымас» демекші, гір тасын көтеріп, арқан тартып сынға түсті.

Колледж директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Бекзат Ашманова ұлттық құндылықтарды дәріптейтін осындай шаралар жастардың шыққан жерін, ата-тегін ұмытпай, керісінше дәстүрлерді жаңғыртып, ұрпақтан ұрпаққа жеткізуіне себепші болатынын жеткізді.

**Арайлым ЕРҚОҢЫРОВА**

# БАЛАБАҚШАДАҒЫ МЕРЕКЕ

**Қазақ халқы қашанан Наурыз мерекесін айрықша бағалап, оны бар сән-салтанатымен қарсы алуды дәстүрге айналдырған. Игі дәстүрді жалғастыру мақсатында №5 «Тамаша» бөбекжайының «Қызғалдақ» тобы ата-аналармен бірлесіп, «Әз-Наурыз, қош келдің!» атты мерекелік таңертеңгілік өткізді.**



Топ тәрбиешілері Манат Көршіханқызы мен Гүлзада Қанатқызының ұйымдастырған мерекелік шарасының мазмұны терең.

Наурыз шығыс елдері үшін бірліктің, татулықтың, еңбектің, ізгіліктің, бақыттың мерекесі ретінде тойланған. Сондықтан да болар, бұл күні шаттанбайтын, қуанбайтын, мейірленбейтін адам болмаған. «Қызғалдақ» тобының ата-аналары, ата-әжелері және тәрбиеленушілері Ұлыстың ұлы күнін жоғары деңгейте атап өтуге атсалысты.

Алғашқы болып №5 «Тамаша» бөбекжайының директоры Калимаш Сакеева мен әдіскер Зинайда Әлмағанбетова жиналғандарды Наурыз мерекесімен құттықтап, ақжарма ақ тілегін ақтарды. Мерекелік шараның шымылдығын түрген көрініс «Қызғалдақ» тобының тәрбиеленушілеріне Наурыз мерекесінің қасиеттілігін ұғындырып, ерекше күн екендігін таныстырып өтті. Және осы себептен де табиғаттың тылсымы мен ғалам ғажайыптарын терең ұғына білген ата-бабамыз бұл күнді Жыл басы деп есептегені түсіндірілді.

Бұл күні жақсы тілек тілеу, құттықтау, кешірім жасау, табысу сияқты адамгершілік қасиеттер көрініс тауып, жас ұрпаққа үлгі-өнеге берген. Ұрпақтар сабақтастығын жалғау мақсатында бүлдіршіндерге Пернебай ақсақал бата беріп, ақ жаулықты әже бесікке салу дәстүрінен көрініс көрсетті. Тәлім-тәрбиелік, үлгі-өнегелік мәні бар кездесу балғындардың бойында патриотизммен қатар жомарттық, адалдық қасиеттерінің қалыптасуына септескені сөзсіз.

Мерекелік шараның көрігін тәрбиеленушілер жаттаған өлеңі шумақтарымен кіргізсе, ата-аналар жағы өнерлерін ортаға салды. Белсенділік танытқандар Алғыс хаттармен марапатталды. Мазмұнды мереке әр адамды жоғары саналылыққа, әдептілікке, өнегелікке, ізгілік пен білімділікке бастайды. Сондықтан, үлкені де, кішісі де, жасы да, жасамысы да Наурыз мерекесін асыға күтіп, ерекше ілтипатпен қарсы алады.

**Шолпан СЕРІКБАЕВА,**
**№5 «Тамаша» бөбекжайының**
**«Қызғалдақ» тобының ата-анасы.**

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

# САУАПТЫ ІСТЕН ҚҰР ҚАЛМАДЫ

**Наурыз – күн мен түннің теңескен, жаңару мен жаңғырудың мерекесі. Самарқанның көк тасы жібіген күні халқымыз жақсы тілек айтып, ренжіскендер бір-бірін кешіріп, тал егіп, бұлақтың көзін ашуды дәстүрге айналдырған. Сонымен қатар, қайырымдылық жасау секілді ізгі амалдарды орындауға асыққан.**



Осы игі дәстүрден жаңылмаған қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі және Тайжан Қалмағанбетов атындағы филармонияның әншілері ұйымдастыруымен Маруа Құлышева атындағы балалар үйіне атбасын бұрып, тәрбиеленушілерге мереке сыйлады.

Ұлыстың ұлы күнінде өздерін құттықтай келгендерді қуана қарсы алған балалар мен қызметкерлер ризашылықтарын білдіріп, әншілермен бірге ән айтты. Тәрбиеленушілерге оқуда жетістік тілеген мәдениет қызметкерлері тәтті сыйлықтарын тарту етті.

**Өз тілшіміз**

**Маруа Құлышева атындағы балалар үйінде Наурыз мейрамы қарсаңында дастархан жайылып, мерекелік концерт ұйымдастырылды.**

# БАЛАЛАР ҮЙІНДЕГІ ДУМАН



«Қош келдің, Әз-Наурыз!» атты мерекелік концертте балалар бар өнерлерін көрсетті. Олар Ұлыстың ұлы күні болатын ерекше құбылыс – күн мен түннің теңелуін сахналандырылған көрініспен көрсетті. Одан кейін Қыдыр баба шығып, ақ батасын берді.

Көктем мен тоқшылық мерекесінде балаларға арнап дастархан жайылды. Оған «Қазақстан темір жолы» АҚ Қарағанды магистральдық желісі Жезқазған электрмен жабдықтау дистанциясы ұйытқы болды. Аталмыш мекеменің ұжымы қазақтың игі дәстүрі бойынша жақсылықтың жаршысы болған Наурыз мерекесінде ата-ана қамқорлығынсыз қалған бүлдіршіндерді бір қуантып, олардың жүздерінен күлкі көру үшін осындай сый-тарту жасаған. Ал, балалар өз кезегінде жомарт ағаларына алғыс ретінде өлең оқып, ән айтты.

Балаларды ұлы думанмен алғаш болып балалар үйінің директоры Ғазиз Жетібаев құттықтады. Одан кейін Жезқазған электрмен жабдықтау дистанция басшысы Нариман Сағындық сөз алып, өзінің ақжарма тілегін жеткізді.

Балалар үйінде бүгінде 37 бала тәрбиеленеді. Олардың әрқайсысының тағдыры сан қилы. Дегенмен барлығы әр келген адамнан жылулық пен мейірімділік күтеді. Олар ата-ана, туғандарының мейірімінен қағылғанымен, қоғамның назарынан тыс қалмайды. Қорғансыз балаларға қамқор болатын кең жүректі азаматтар көп болғай деген тілек бар.

**Арайлым ЕРҚОҢЫРОВА**

**Ежелгі заманнан қалыптасқан жыл бастауы болып тойланатын әз-Наурыз –ең ұлық мереке. Күн мен түн теңелетін, табиғат-ананың жанданып, Самарқанның көк тасы жібіп, тіршілік қайта оянады.**

# «БАЛДЫРҒАНДАҒЫ» НАУРЫЗ

Жезқазған қалалық білім бөлімінің №14 «Балдырған» бөбекжайында Ұлыстың ұлы күні әз-Наурыз мейрамы өтті. Әз Наурыз мерекесімен аталған бөбекжай директоры Айгүл Дүйсенбайқызы және бөбекжайдың әдіскері Светлана Кисибаева барша жиналған қауымды құттықтап, ел мен жердің тыныштығын, амандығын, әр шаңыраққа бақ-береке тіледі. Балабақша ұжымы мен ата-аналар бірлесе атсалысқан іс-шара жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Әсіресе, бөбекжай тәрбиешілерінің еңбегі, іздемпаздығы, деген мән беріп, жан-жақты дайындықтары, концерттік бағдарламалары мен түрлі қойылымдары, ұлттық құндылықтарымыз бен, салт-дәстүрімізді насихаттауда, Наурыз мейрамының қазақ халқының өміріндегі маңыздылығын, рөлін аша білді. Сондай мәдени мұрамызды ұлықтап, дәріптеуде біз бас сұққан «Балапан» тобының тәрбиешілері Қалдыгүл Төлешова мен Ақзейнеп Жуханова, Ардақ Құлжабаева ұйымдастырған қазақтың киіз үйі барлық жабдығымен жайлау көріністері, «Қыз қуу» ойыны, «Ат қою» рәсімі жиналғандардың қызығушылығын тудырды.

Елдің жеткіншектерін ұлттық дәстүрде тәрбиелеп, бойына сіңіру мақсатында әр топтар аралығында ауыл-ауыл болып қазақтың салт- дәстүр рәсімдерін көрсетті. Мәселен, Сәкен ауылы «Шілдехана», Жамбыл ауылы «Ат қою», Қаныш ауылы «Баланы қырқынан шығару», Абай ауылы «Бесікке салу», Болман ауылы «Тоқым қағар», Би ауылы «Қыз ұзату», Ұлытау ауылы «Тұсау кесер», Қазыбек би ауылы «Ерулік салттарын» жан-жақты мән-мағынасында көрсетті. Тәрбиелік мәні зор мейрамнан бүлдіршіндер қанаттанып қайтты. Арнайы шақырылған қонақтар мен ата-аналар тарапы Айгүл Дүйсенбайқызы басқарып отырған бөбекжай ұжымына зор алғыстарын айтып тарқасты.

**Ізтөлеу ТҮСІПОВ**



**Қала әкімі аппараты бастаған бірқатар мемлекеттік мекемелер Наурыз мейрамы қарсаңында №9 тірек (ресурстық орталық) мектеп-интернатында болып қайтты.**

# ЖАҚСЫЛЫҚ ШАРАПАТЫ

Қайырымдылық жасау, мұқтаж жанға көмек қолын созу – қазақ халқының бойында бар асыл қасиет. Әр істелген жақсылық адамға жүз есе, тіпті, мың есе қайтады. Бірақ, кейде қым-қуыт тіршіліктің соңында жүріп қоғамда орын алып жатқан жағдайларға мән бермей жатамыз. Ата-анасынан жырақта жүрген немесе туысқандардың қамқорлығынсыз қалған балалар саны күннен күнге көбейіп келеді. Дегенмен, олар әрдайым көпшіліктің назарында болмақ.

№9 мектеп базасындағы интернат тәрбиеленушілеріне көмек ретінде ұйымдастырылған «Жүректен жүрекке» қайырымдылық акциясына қала әкімдігінің бірнеше бөлімдері қатысты. Олардың қатарында қалалық ішкі саясат, білім, спорт, тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық және автокөлік жолдары, құрылыс, сәулет, қаржы, мәдениет бөлімдері болды. Олар 39 балаға спорттық және күнделікті киетін киім мен аяқ киім, доп, тоғызқұмалақ ойынын, сондай-ақ, тәтті дәмнен ала келген.

Сыйлық алған әр баланың жүзі жадырап, қуанып қалды. Олар өз кезегінде сыйлықтарын арқалай келген аға-апаларына алғыс ретінде Наурыз мерекесіне арнаған өлеңдерін жатқа айтып, өнерлерін көрсетті.

Мемлекеттік қызметшілер Ұлыстың ұлы күні қарсаңында балалар үйінің тәрбиеленушілерін де ұмыт қалдырмады. Бұл игі шара М.Құлышева атындағы балалар үйінде де жалғасып, балаларға сый-сияпаттар тарту етілді. «Бір адам құдық қазса, мың адам су ішеді», «Не берсең де балаға бер, бала үшін жаса» – деген халқымыздың даналығы іс жүзіне асырылып, балалардың қуанышында шек болмады.

**Арайлым ЕРҚОҢЫРОВА**
*Суреттерді түсірген*
**Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА**

# РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТУРНИР ӨТТІ



**Жезқазған қаласы мемлекеттік фельдъегерлік қызмет басқармасының құрылғанына 15 жыл толуына орай кеншілер қаласындағы «Қазақмыс» спорт кешенінде ҚР мемлекеттік фельдъегерлік қызметінің құрылымдық бөлімшелері арасында шағын футбол мен армрестлингтен жыл сайынғы турнир жалауын көтерді.**

Шағын футболдан 2009 жылдан бері өткізілетін аталмыш турнирге қатысуға республика көлемінен 13 команда ниет танытты. Ал, қол күресі биыл алғаш рет өткізілді. Мемлекеттік фельдъегерлік қызметі қызметкерлері арасында бұқаралық спортты дамытып, салауатты өмір салтын ұстануды насихаттауды мақсат еткен турнирдің салтанатты ашылуынан кейін командалар екі топқа бөлініп, үш кездесуден өткізді. Жартылай финалдың үздіктері ақтық сында кездесіп, намысты қолдан бермеуге тырысты. Тартысты ойын көрсетіп қана коймай, жеңіске ұмтылған командалардың ішінен Қостанай облысының фельдъегерлік қызметі суырылып шықты. Осылайша, қостанайлық «Тобыл» командасының ойыншылары I орынның иегері атанды. Нұр-Сұлтан қаласының намысын қорғаған «Есіл» командасы күміс жүлдегер атанса, Қарағанды облысының «Сарыарқа» командасы қола жүлдеге қол жеткізді. Шапшаңдықпен, ептілікпен көзге түскен жеке ойыншылар да марапатсыз қалмады. Атап айтқанда, «Есіл» командасының ойыншысы Арман Омаров «Үздік шабуылшы» атанса, көкшетаулық Жанатай Мұқановқа «Үздік қорғаушы» номинациясы бұйырды. Алматылық Рамазан Тұрсынбеков «Үздік ойыншы» атағына лайық деп танылса, қостанайлық Талғат Есеналинге «Үздік қақпашы» атағы берілді.

Ұлттық ойындардың көнесі саналатын қол күресіне де қатысуға ниет білдіргендердің саны көп болды. Дегенмен, білектегі күші мықтылар жүзден жүйрік атанды. Тараздан келген Заңғар Кесікбай алтын жүлдегер атанса, жезқазғандық Ермұхан Махамбетов күміс жүлдені қанжығаға байлады. Қарағандылық Жақан Джакенов пен көкшетаулық Виктор Князев өзара жүлделі III орынды бөлісті.

Дәстүрлі турнирді ұйымдастырушы Жезқазған қаласы мемлекеттік фельдъегерлік қызмет басқармасының ұжымы байрақты бәсекені жоғары деңгейде өткізуге атсалысқан барлық төрешілер мен Жезқазған қаласы әкімінің орынбасары Нұржан Орынбаев бастаған қос қаланың спорт және дене шынықтыру, сондай-ақ, ішкі саясат бөлімінің басшылары мен облыстық мәслихаттың депутаты Бекзат Алтынбековке, мамандандырылған олимпиадалық резервтегі балалар мен жасөспірімдер мектебінің директоры Саят Серіков пен халыққа қызмет көрсету орталығының директоры Ренат Өмірбековке ризашылығын білдіреді.

**Сапарғали СӘБИТОВ,**
**ҚР Премьер-министрі кеңсесі Жезқазған қаласы мемлекеттік фельдъегерлік қызмет басқармасының бастығы.**

МАМАН КЕҢЕСІ

# ТУБЕРКУЛЕЗДІҢ АЛДЫН АЛУ

Туберкулез (құрт ауруы) – (лат. тілінде Tuberkulum – төмпешік) – ауа тамшылары арқылы жұғатын және ағзаға туберкулез бактериялары түскенде дамитын созылмалы жұқпалы ауру. Адам ағзасының тырнақ пен шашты қосқанда, барлық органдары мен тіндерін зақымдайтын туберкулездің өкпеден тыс түрлері де дамуы мүмкін.

Туберкулез қоздырғышы – туберкулез таяқшасы, Кох таяқшасын немістің белгілі ғалымы Роберт Кох 1882 жылғы 24 наурызда ашқан. 1982 жылы Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы және Халықаралық туберкулезбен және өкпе ауруларымен күрес одағы 24 наурызды ресми түрде Дүниежүзілік туберкулезбен күрес күні деп атауды ұсынды.

Жұқпаның негізгі көзі – ашық түрдегі туберкулезі бар науқас адам, себебі оның қақырығынан туберкулез таяқшасы бөлінеді. Еденге немесе жерге қақырықты түкірген кезде ол шаңмен араласады. Осындай шаңмен демалған дені сау адамның туберкулезді жұқтыруы әбден мүмкін. Адам туберкулез таяқшасымен зақымданған шикі сүтті және басқа да сүт өнімдерін пайдалану кезінде, ауру жануарға күтім жасау барысында туберкулезді жұқтыруы мүмкін. Туберкулездің белсенді түрімен ауыратын науқас тиісті ем қабылдамаса, жылына 10-15 адамға дейін жұқтыруы мүмкін. Алайда туберкулезді жұқтырғандардың барлығы науқас болып саналмайды, себебі иммундық жүйе қоздырғыш үшін тежеу бола алады. Иммундық жүйесі әлсіреген адамның ауруға мүмкіндігі жоғары. Көптеген адамдар өмір бойы туберкулез бактериясын жұқтырған болуы мүмкін, бірақ аз ғана бөлігінде ауру дамиды. Туберкулез бактериялары сыртқы ортаға өте төзімділігімен ерекшеленеді. Көше шаңдарында бактериялар өмір сүру қабілетін 10 күнге дейін сақтайды, ал кітап беттерінде өмір сүру қабілетін 3 айға дейін, науқастың киімі мен төсек жаймасында 3 – 4 айға дейін, суда 5 айға дейін сақталады.

Туберкулез жұқтыру барысында аурудың дамуы мен ауыр ағымына ықпал ететін факторлар көп. Бұл – әлеуметтік тұрмыстың нашарлығы, дұрыс тамақтанбау, психологиялық күйзелістер, ілеспе аурулар (қант диабеті, жарақаттар, созылмалы өкпе аурулары, АИТВ/ЖИТС), зиянды әдеттер.

***Туберкулездің негізгі белгілері:***

Салмағынжоғалту, тершеңдік, кеудетұсыныңауыруы, қантүкіру, жалпыәлсіздікжәнетезшаршау, дене қызуының ұзақ уақыт көтеріңкі болуы.

Туберкулездің алдыналу шаралары:. БЦЖ вакцинасы перзентханада баланың 1-4 күндерінде міндетті түрде енгізіледі. Келесі ревакцинация 6-7 жаста жасалады. Бұлар өз кезегінде милиарлы туберкулезден және туберкулезді менингиттің дамуы мен асқынуын және таралуын тежейді.

• Уақтылы анықталып, дер кезінде емдеу басталғанда туберкулез емделетіндігін есте сақтаған жөн. Әйтпегенде, кеш анықталса, өлімге әкеп соқтыруы да әбден мүмкін. Өкпе туберкулезін уақтылы анықтау үшін қақырыққа бактериоскопиялық зерттеу жүргізіледі. Балалардың туберкулезді жұқтыруын уақтылы анықтау үшін Манту сынамасы салынады. Манту сынамасы бір жастан бастап, жылына 1 рет салынады. Нәтижесі 72 сағаттан кейін жарық жерде мөлдір сызғыштың көмегімен папуланы (түйінді) өлшеу арқылы белгілі болады. Папуланың тек көлденең өлшемі тіркеледі, ал қызарған аймағы есептелмейді.

• Жеке бас гигиенасы ережесін сақтау – жуу құралдары мен ағын суды пайдаланып қолды, ыдысты жуу, бөлмеге ылғалды тазалық жүргізу және желдету.

• Дұрыс тамақтана отырып (ет, сүт өнімдері, балық, дән тағамдары, көкөністер мен жидектерді асқа жеткілікті мөлшерде пайдалану), салауатты өмір салтын ұстану, тұрақты түрде денешынықтыру жаттығуын жасау, қалыпты демалыс, таза орта, темекі, алкоголь, есірткіден аулақ болу.

• Жеке гигиеналық құралдар мен ыдыстарды пайдалану.

• Ет пен сүтті міндетті түрде термиялық өңдеуден өткізу.

• Қоршаған орта гигиенасы, мақсаты – анықталмаған және уақтылы ем қабылдамаған науқастардан ауруды жұқтыру қаупін төмендету:

1. Үйді тұрақты түрде желдету;

2. Айналандағыларға түкіру – жұқпалы аурудың тарауына ықпал ететін жағымсыз әдет екенін түсіндіру.

3. Көпшілік жүргіншілердің қозғалысы басталмай тұрып, таңертеңгі уақытта көшелер мен аулаларды тазарту, бұл шаңнан мүмкін болатын Кох таяқшасын жұқтыру қаупін төмендетуге мүмкіндік береді.

4. Тура күн сәулелері 5 минут ішінде туберкулез қоздырғыштарын өлтіреді; .

5.1% натрий гипохлориді қақырықты ерітіп, туберкулез таяқшасын тез жояды;.

6. Кох таяқшасы 60Стемпературада 20 минуттан кейін және70С температурада 5 минуттан кейін өледі;.

7. Науқас пайдаланған қағаз беторамалдарды міндетті түрде өртеу керек;.

8. Көрпелер мен жүннен жасалған заттарды желге қағу және күнге жаю залалсыздандырудың ең қарапайым әрі жақсы әдісі болып табылады. Сондай-ақ, туберкулез бактериялары жоғары температураға сезімтал келеді;.

9. Сонымен қатар, Кох таяқшасына хлор белсенді әсер етеді, сондықтан хлорамин ерітіндісін, хлорлы әкті зарарсыздандыру үшін жиі қолданады.

**Ардақ ИСАЕВА,**
**«Тильман» ЖШС дәрігері**

БӘРЕКЕЛДІ!

# «ЖЕҢІСТІ ЖЕЗҚАЗҒАНЫМА АРНАЙМЫН»



**Кеше ғана Азияны дүр сілкіндіріп, чемпион атанған жезқазғандық самбошы Бағлан Ибрагим елге тағы жеңіс сыйлады. Бұл жолы Бағлан Қазақстанның көк байрағын Мәскеу төрінде желбіретті.**

Самбоға 11 жасында бет бұрған Бағлан Ибрагим «А.А.Харлампиев мемориалы» Әлем кубогінде үш белдесу өткізді. Алғашқы кездесуде қырғыз балуаны Иманбек Тентиевті ойсырата жеңген Бағлан түркімен палуанынан да басым түсті. Ақтық сында 52 келі салмақ дәрежесіндегі ресейлік самбошы Алексей Клюкинді тізе бүктіріп, жеңіс тұғырына көтерілді.

Әлем кубогінде Қазақстанның намысын қорғаған самбошылар ел қоржынына бір алтын мен күміс және үш қола медаль салды. Алтыннан алқа тағынып, Әлем кубогінің иегері атанған Бағлан Ибрагим бұл жеңісін Жезқазған қаласының 65 жылдық мерейтойына арнағанын айтады.

– «Ерім дейтін ел болмаса, елім дейтін ер қайдан шығар?», – демей ме атам қазақ?! Сондықтан, менің Азия чемпионы, Әлем кубогінің иегері атануым бірінші халқымның арқасы дер едім. Өйткені, олар мені жылы сөзбен демеп, артқан зор сенімдерімен жеңіске жігерлендіреді. Қолдап, қолпаштайтын жұртым барда менің жеңістерім ортаймақ емес. Биыл туып-өскен, сүйікті қалам Жезқазғаным 65 жылдығын қарсы алмақ. Бүгінгі жеңісім – Жезқазғанның мерейтойына тарту,- деп ағынан жарылған Бағлан спортшы барша қазақ еліне алғысын жеткізуімізді сұрады.

**Өз тілшіміз**

МЕРЕЙ

# ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ДӘРІПТЕГЕН



**Жезқазған көлік және бизнес колледжі ұжымының ұйымдастыруымен қазақ халқының ұлттық мұраларын ұлықтап, тарихи жәдігерлерін жинақтаушы этнограф Райхан Матаймен «Дариға-дәурен» атты жүздесу өтті. Тағылымды кездесуге колледж оқушылары, Райхан Матайдың әріптестері мен мысты өлкедегі сырлас достары шақырылды.**

Осыдан төрт жыл бұрын Райхан Матай өзінің зерттеулері мен пайымдарын «Дариға-дәурен» атты кітапқа жинақтаған болатын. Сондықтан, кездесуге осындай атау беріліп, кітапта төңірегінде әңгіме өрбіді. Жаңаарқа ауданының Жеңіс ауылында туған Райхан Төлегенқызы ата-әжесінің өнегесін бойына дарытып, тәрбиесімен сусындаған. Негізгі мамандығы – тарихшы. Ұзақ жылдар бойы музей саласында қызмет етті. Жезқазған тарихи-археологиялық музейінің қорын құнды этнографиялық жәдігерлермен толықтыруға қосқан үлесі өлшеусіз. Атап айтқанда, Ұлытау, Жаңаарқа, Жезді аудандарында ұйымдастырлған экспедициялардың бірінен қалмай қатысып, күміс ер-тоқым, текемет, сырмақ, аңшының аң аулайтын құралдарын жинақтады. Сонымен қатар, ұлттық салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды жаңғыртуда, насихаттауда өзіндік қолтаңбасын қалдырғаны тағы бар. Ұмытылуға айналған қазақы дәстүрлерді зерттей жүріп, бірталай ғылыми еңбектерін жарыққа шығарды. «Үкінің қазақ салт-дәстүрінде алатын орны», «Қолөнердегі қолданбалы ою-өрнектерді пайдалану», «Киіз үйді борлау», «Құйрық ботқа», «Қоңыраудың қасиеті мен маңызы», «Қасиетті қамшының қазақ тарихындағы орны» атты еңбектерінде салт-дәстүрлердің тәрбиелік мағынасын ашып, олардың қасиетін болашақ ұрпаққа сіңіруді көздеді. Облыстық мұражай қызметкерлерімен бірлесе бесік жырларының түрлерін саралап, қазақтың ұлттық өнері мен мәдениетін насихаттау мақсатында ұмыт болып бара жатқан «Құда түсу», «Сыңсу», «Аужар», «Қалыңдыққа қасаба кигізу» сынды рәсімдердің танымал болуына атсалысты.

Кездесуде Райхан Матайдың музей ісіне қосқан осынау еңбегін тілге тиек еткен Жезқазған тарихи-археологиялық музейінің директоры Раушан Қапарова мен Зинаида Чумакова әр іске үлкен жауапкершілікпен қарайтын оны әріптестері «Алтын бас» атап кеткенін айтты. Олай атаудың себебі, Райхан Төлегенқызы жаңаша ойлай білетін, тың идея ұсынатын болған. «Дариға дәурен» атты кеште сөз алған фольклорлы-этнографиялық «Ақ әжелер» ансамблінің мүшелері өз сөзіне Райхан Матайдың әншілік қырына арқау етті. Өзіне ғана тән ерекше дауысы барын естіген кездесу келген жастар Райхан апайдан ән сұрады. Жүректің сырын тербеген «Дариға -дәурен» әнін орындап берген соң жиналғандар кеш иесіне тіптен сүйсіне түсті. Жаңалықты жатсынбай, қазір шет тілдерін меңгеріп жатқанын айтқан Райхан Матай итальян, вьетнам, үнді және өзбек тілдерінде әннен шашу шашып, көпшілікті таң қалдырды. Райхан Матайдың бос уақытында сурет салумен айналысатыны бар екен. Кеште оның майлы бояумен орындаған «Үнсіздік» картинасының құпиясы ашылды.

Бір бойына осыншама қабілетті сыйдыра білген Райхан Матайға жастардың қояр сұрағы көп болды. Бірі оның жеке өмірі хақында сұрап жатса, ендігісі шығармашыл тұлғаның ізденісі мен сарқылмайтын шабыты жөнінде білгісі келді. Салт-дәстүрлерден сыр шерте отырып, жастарға ой салып, ақ тілегін ақтарған Райхан Матайдың иығына қамзол жапқан Бекзат Алтынбеков:

– Сіз Жезқазған-Ұлытау өңірінде тек қана өлкетанушы ретінде ғана емес, сонымен қатар, зерделі ойдың иесі, парасаты биік жан ретінде де ерекше қадірлісіз. Қазақы салт-дәстүр арқылы өсіп келе жатқан буынның ой-санасын қалыптастыруға, ұлттық құндылықтар мен ата-баба мұрасынан үлгі-өнеге алуына қосқан әлі де қосар үлесіңіз мол, – дей келе, халық даналығын ұрпақтарға жеткізуші Райхан Матайға ризашылығын білдірді.

**Диана ОРАЗАЛИНА**

МУЗЕЙДЕГІ КЕЗДЕСУ

**Жер-дүние жаңарған Наурыз тойы қарсаңында Жезқазған тарихи-археологиялық музейінде жан жадыратар бір жарастықты кездесу болды. Дәстүрлі «Музейлік кездесулер: Алтын қор» жобасы аясында тарихшы-этнограф, музей саласының ардагері Райхан Матаеваның «Дариға-дәурен» атты кітабының тұсаукесер рәсімі өткізілді.**

# ӨМІРГЕ ҚҰШТАРЛЫҚ СЫРЫ



Қарағанды мемлекеттік университетінің тарих факультетін бітірген Райхан Төлегенқызы жоғары оқу орнында оқытушы, мектепте мұғалім болғанымен, қызықты еңбек жолының басым бөлігі Жезқазған музейінде өткен болатын. Ол 1981 жылдан зейнеткерлікке шыққанша осы ұжымда қызмет істеп, этнографиялық жәдігерлерді толықтыруға лайықты үлесін қосты. Сонымен қатар, қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыпын кеңінен танытып, насихаттауға да айтарлықтай атсалысқан жан. Аға ғылыми қызметкер кезінде «Киіз үйді борлау», «Қолданбалы қолөнердегі ұлттық ою-өрнектерді пайдалану», «Қамшының қасиеті» сияқты көптеген ғылыми этнографиялық еңбектер жазды. Қазір Астанада тұратын Райхан бүкіл саналы ғұмыры өткен мысты шаһарды, оның ақжүрек адамдары мен сүйікті ұжымын сағынып келгенін ортаға салып, музейдегі әріптестерімен қуана қауышты. Іс-шараға қатысушылар музей жәдігерлеріне экскурсия жасап, тамашалаған соң кездесу тақырыбына қатысты әңгімеге кезек берілді. Жиналғандар назарына Р.Матаеваның өмір жолдарынан сыр шертетін бейнебаян көрсетілді. Тұсаукесер рәсімі автормен сырласу сұхбаты ретінде өрбіді. Сауалдарға жауап беру барысында Райхан Төлегенқызы алты айлығынан бастап Матай атасы мен Құстия әжесінің бауырында болып, атасын әке деп өскенін айта келіп: «Рухы күшті, жаны таза, шапағаты мол, тілін құрметтеп, салтын сүйетін әкемнің айтқандарын жаздым» дейді. Ал, сол өнегелі әңгімелерімен әлдилеген Матай әкесі Райхан 11 жасқа қараған шағында өмірден өтіпті. Аталы сөзді батадай бойға сіңіріп, 10 жасар баланың зердеде сақтауы үшін де ерекше зейін керек шығар деп ойладым. Қабілет-қарымы мол Райханның бойында өнер көп. Әншілігімен де танылған ол кезінде қаламыздағы «Ақ әжелер» ансамблінің белді мүшесі болған-тын. Кітабының атауына байланысты «Дариға — өкініш, Дәурен — өмір» деп түйгенін алға тартып, өзі жақсы көретін «Дәриға-дәурен» әнін орындап берді.

Фейсбуктегі салиқалы жазбалары арқылы Райханмен таныс болған өлкетанушы Тоңболат Мұқанұлы осы кездесуге Қарсақбайдан арнайы келіпті. Жақында қолына түскен «Дариға-дәурен» кітабын оқығанын айтып, ондағы тағылымды әңгімелердің тартымды тұстары жайлы өз пікірін білдірді. Сондай-ақ, кездесу барысында Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген артисі Береке Көшенов, филология ғылымдарының кандидаттары, әдебиетші қаламгерлер Ғазиз Ештанаев пен Кенжебай Ахметов, ақын Света Жумкина, музей ардагері Шолпан Төлегенова және басқалар автордың еңбегі мен шығармашылық ерекшелігі туралы ойларын ортаға салды. Кітапқа Түгіскен өңірін ен жайлаған Жағалбайлы елінің игі жақсылары мен жайсаңдары жайлы атасы Матайдан естіген әңгімелері, әке өнегесі мен аманаты, автордың өзінің көзбен көріп, көкірекке түйген асыл ойлары арқау болған. Ауылдық жердің өмірі, ел арасындағы салт-дәстүрлер де қамтылған.

Өмірге құштарлықтың сыры туралы әсерлі әңгіме өрбіген кездесуде: «Әр таңыңды ерекше құлшыныспен қарсы алып, адал ниетпен, адамдарға тек жақсылық жасау туралы ойлау жанға қуат береді» дейді кітап авторы Райхан Матаева. Тарихи-археологиялық музей басшысы Раушан Қапарова кездесу кейіпкеріне ыстық ықыласын білдіріп, естелік сыйлық тапсырды.

**Амандық РАХҰЛЫ**

БАЙҚАУ

# АРУЛАР СЫНҒА ТҮСКЕНДЕ

**Қазақ қыздарына ұлттық дәстүрімізге сай қасиеттерге бағыт-бағдар бере отырып, олардың бойында қарапайымдылық, әсемдік, өнерге деген қызығушылықты қалыптастыру және сахна мәдениеті мен шығармашылыққа, сондай-ақ, үй шаруасында ептілікке баулуды мақсат тұтқан «Жезқазған бизнес және көлік колледжінің аруы – 2019» байқауы өз мәресіне жетті.**




Ұлттық құндылықтарды жаңғыртып, салт-дәстүрімізді дәріптеген арулардың сынына қатысуға 7 қыз ниет танытты. Бес айналымнан тұратын байқау қыздардың өнері мен білімін саралады. Таныстыру деп аталған алғашқы кезеңде қатысушылар қазақ тілімен қатар өзге де тілдерді жетік меңгергендерін паш етті. Айта кету керек, олардың көбі ағылшын тілімен қатар француз, испан тілінде де еркін сөйлейтіні көпшілікті сүйсінтті. Бойындағы ән айту, ұлттық аспаптарда ойнап, күй шерту және актерлік қабілеттерін ортаға салған арулар өз қолдарымен сәукеле жасап та сынасты. Қиялына ерік берген олардың туындыларының әсемдігін сөзбен жеткізу мүмкін емес. Жоғары жағы үкімен әрленген сәукелелер асыл тас пен моншақтармен безендірілді. Бүгінгі күні осынау қастерлі ұлттық бас киімнің қадір-қасиетін қашырып, көңілге кірбің ұялатқан жағдайлардан соң, бүгінгідей көріністі тамашалау керемет әсерге бөлегені рас. Қатысушылар өз қолдарымен тіккен сәукелелері мен бүрмелі көйлектерін киіп, шаштарына шолпы тағып, онсыз да сұлу келбеттерін ұлттық әшекей-бұйымдармен ажарландыра түскенде тамсанбасқа болмады. Келесі айналым «Жастар жылында жақсы іс» деп аталды. Қайырымдылық пен қамқорлық біздің халқымыздың бойындағы ең асыл қасиеттердің бірі саналғандықтан, арулар жақсылық жасап жарысты. Бірі жалғызбасты қарияға қолғабыс етсе, тағы бірі ауыр дертке шалдыққан Мадияр есімді жастың еміне қажетті қаражатты жинауға атсалысқан. Көпбалалы отбасылар да бойжеткендердің назардан тыс қалмады. Соңғы айналым қатысушылардың үй шаруасындағы ептілігін байқатты. Қатысушылар «Көктемгі көңіл-күй» тақырыбында торт пісіріп, көрермен қауымға ұсынды. Ақылына көркі сай аруларды бөліп, жарудың өзі қазілар алқасына оңайға соқпады. Ұяңдығы мен алғырлығымен дараланған ПВ-201 тобының оқушысы Құндызай Төлепбергенова «ЖКБИТ аруы – 2019» атағына лайықты деп танылды. Аружан Өзбекханова жүлделі I орынды жеңіп алса, Сымбат Амантай жүлделі II орынды иеленді. Шолпан Серік жүлделі III орыннан табылды. Жеңімпаз арулардың барлығы бағалы сыйлықтармен марапатталды.

**Бота ШАЛҚАР**

*Суреттерді түсірген*

**Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА**

ТАҒЗЫМ

# ҚЫЛҚАЛАМ ШЕБЕРІН ЕСКЕ АЛДЫ

**М.Әуезов атындағы кітапхана ұжымы Ө.Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінің «Бейнелеу өнері және технология» кафедрасымен бірлесе Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі, белгілі суретші Жанділдә Тәжұлы Майлиннің туғанына 70 жыл толуына орай «Қыл қалам шебері» атты естелік тағзым сағатын өткізді.**




Кездесу қылқалам құпиясын терең бойлай білген, қысқа ғұмырында артында айтарлықтай құнды мұра қалдырған Жанділдә Тәжұлының өзіндік ерекше қолтаңбасы мен шеберлігін, жанды тәнті ететін туындылары мен өмір жолын келешек ұрпаққа насихаттау барысында ұйымдастырылды. Шараға кітапханашылар, Ө.Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінің «Бейнелеу өнері және технология» кафедрасының аға оқытушы, Еуразиялық дизайн одағының мүшесі Келіс Сазанбаев, ассисент Құралай Өксікбаева мен I курс студенттері қатысты. Болашақ студенттерге осы кафедраның аға оқытушысы, ҚР Мәдениет қайраткері, ҚР дизайнерлер одағының мүшесі Қайрат Мұхамеджан қыл қалам шебері Жанділдә Майлин жайлы мағлұмат беріп, ұстаздарын бір минут үнсіздікпен еске алды. Дарынды суретшінің қолынан шыққан «Жазғы Ұлытау», «Айдаһардың тууы», «А.Құнанбаев», «Қысқы Ұлытау», «Кезбе», «Қобыз сазы», «Табиғат толғауы», «Өмір сұрауы» композициялары қоғамның әлеуметтік тұстарына басқаша көзбен қарап, астарлы сырларына бойлай түсуге мүмкіндік береді. Суретші Ж.Майлиннің артында 120-дан астам керемет туынды қалғанын, әр жылдағы жетістіктері мен оның қолынан шыққан Ж.Жабаев портреті Ә. Қастеев атындағы мемлекеттік мұражайдың алтын қорында тұрғанын болашақ суретшілерге жете түсіндірілді.

Осындай елеулі кезеңде өңіріміздегі бейнелеу өнерінің кәсіптік деңгейде дамуына зор үлес қосқан Ж.Майлиннің өмір жолынан сыр шертетін «Қыл қалам шеберінің өлмес мұралары» деген он бөлімнен тұратын буклетке кітапханашы А.Жәнібекова шолу жасады. Сурет өнерінде шеберлігі мен даралығы айқындалған дарабоз тұлғаны болашақ ұрпақ жадында сақталуын мақсат тұтқан кешті кітапханашы А.Махмұтова «Жәкеңді еске алу» атты арнау өлеңмен аяқтады.

**Анар МАХМҰТОВА,**
**М.Әуезов атындағы кітапхананың меңгерушісі**

# ЖАҢҒЫРУ ЖОЛЫНДАҒЫ ЖАС МАМАН РӨЛІ

***жас педагогтер конференциясында сөз болды***

**«Нұр Отан» партиясының Жезқазған қалалық филиалы, қалалық білім бөлімі және Кеңгір селосының №2 орта мектебінің ұйымдастыруымен жас педагогтердің ғылыми-теориялық конференциясы өтті.**




«Рухани жаңғыру: жастар ұлт келбеті» деп аталған конференцияға №1, №3, №4, №13 мектептер мен №7 мектеп-лицейі, №7 Сарысу орта мектебі, №2 Кеңгір орта мектептерінің мұғалімдері,сондай-ақ, №7 «Айгөлек» бөбекжайының тәрбиешілері қатысты.

Ғылыми жиынды №2 Кеңгір селосы орта мектебінің директоры Марал Абеева ашып, жүргізді. Алғаш болып «Нұр Отан» партиясының Жезқазған қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Гүлмира Қаженова сөз алып, конференция жұмысына сәттілік тіледі.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев педагогтер жайында: «Бұл – үш тілде сөйлей алатын еркін адамдар, білімді қоғам. Олар – әлем азаматы. Олар саяхатқа шығады. Олар жаңа білім алуға дайын. Олар – еңбекқор. Олар – еліміздің патриоты» деп айтқан. Бүгінгі күні еліміздің білім беру жүйесін динамикалық және үдемелі дамытуда қазіргі мұғалімнің дайындық үдерісін сүйемелдеу, тиімді педагогикалық жаңалықтарды енгізу және жаңа мектепте жас қазақстандықтарды қалыптастыру үшін ыңғайлы жағдай жасау сияқты сұрақтар өзекті болып тұрғаны сөзсіз. Ғылыми-теориялық конференция шеңберінде білім реформасын қамтамасыз етуде жас мамандардың маңыздылығы мен рөлін түсіндіруде мынандай мәселелер қаралды: мектепалды даярлық топтарындағы білім және тәрбие сапасы, «stem» білімді енгізуде қолданылатын әдіс-тәсілдер, робототехниканың жаңа технология дамуындағы маңызы, жеке тұлғаға бағытталған әдіс негізінде шетел тілін оқыту процесін ұйымдастыру.

Конференцияда он бір баяндама тыңдалды. Жас мамандар балаларды жаңа заман талабына сай етіп тәрбиелеудегі өздерінің тың иедяларымен, жаңаша көзқарастарымен бөлісті. Әр мұғалім өзінің сабағын қызықты өткізіп, баланың жан-жақты дамуына өз үлесін қосуда. Бірі сабақ кезінде топтық жұмыс өткізсе, бірі оқушыларды түрлі ойындармен қызықтырады. Бұл конференция мамандардың бір-бірімен тәжірибе алмасуына үлкен септігін тигізді.

Бүгінгі жас маман – ертеңгі ұлағатты ұстаз. Ал, сол ұстаз елдің ертеңі жастарды тәрбиелейді. Осыны жете ұғынған жас маман ғана мамандықтың қадірін түсіне алады. Жанарында жалын, бойында қуат бар жігерлі жастар мектеп қабырғасында тек сабақ беріп қоймай, білім ордасының қоғамдық өміріне белсенді атсалысып, білімді де өнерлі, жан-жақты балаларды тәрбиелеуде. Осымен олар көпке үлгі болары сөзсіз.

**Сара ТЕМІРҒАЛИ**

МЕКТЕП ХАБАРЫ

# ПӘНДІК АПТАЛЫҚ ӨТТІ

**Ахмет Байтұрсыновтың: «Елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастау керек», – деген сөзін басшылыққа ала отырып №21 мектептің ұжымы биылғы оқу жылында түрлі шаралар өткізуде. Сондай шаралардың бірі мектеп директорының оқу-әдістемелік орынбасары Ғазиза Балмағанбетова ұйымдастырды.**



«Бала жүрегі – ашылмаған күйсандық» тақырыбындағы пәндік апталық мектеп ұжымы мен оқушылардың шығармашылығын, зерттеушілік қабілетін шыңдап, инновациялық оқыту нәтижелері арқылы оқушының өз бетінше әрекет етуін, функционалдық сауаттылығын қалыптастыруын және ой-өрісін кеңейтуді мақсат тұтты.

Апталықты мектеп директоры А. Аманжолова өз құттықтауымен ашты. Жоспар бойынша апталықтың алты күні әртүрлі бағыттарға бөлініп жүргізілді. Атап айтқанда, алғашқы күн теориялық бөлімге арналып, бастауыш сынып мұғалімдері жаңартылған білім мазмұны бойынша сабақтар әзірледі. Онда оқушыны бағалау түрлері, сабақта қолданылатын әдіс-тәсілдерді көрсетілді.

«Оқу шаттығы» бағдарламасы бойынша «Кітап – тақтан да қымбат», «Наданмен қас болғанша, кітаппен дос бол!» атты сынып сағаттары, кітапханашылардың ұйымдастыруымен «Артық білім кітапта,ерінбе оқып көруге» оқырмандар бұрышы ұйымдастырылды.

Апталықтың үшінші күні жаратылыстану пәндері бойынша интеллектуалды шаралар өтті. Мектептің дарынды оқушылары «Жас информатиктер», «Жас натуралистер», «Жас математиктер», «Логикалық математика», «Жас ғалымдар» минижобаларға қатысты. Тәжірибелі мұғалімдер «Қиындатылған есептерді шешу», ҰБТ-ға дайындық түрлерімен таныстырды. Мектеп психологтары «Тәрбие тал бесіктен басталады» тақырыбында ата-аналармен кездесу өткізді.

Бейсенбі күні бейіндік курстар презентациясы өтті. Бір күнді топтық жұмысқа арнаған ұстаздар үйрету семинарына, коучингке қатысып, тәжірибе алмасты. Апталықтың жабылуы салтанаттында Жезқазған қаласының 65 жылдық мерейтойына арналған концерттік бағдарлама ұсынылды. «Қазақстанның киелі жерлері» тақырыбында сынып сағаттары өткізіліп, қазақтың салт-дәстүрлерінен сахналандырылған көріністер қойылды.

**Риза ЕСЕНБАЕВА,**
**№21 мектептің қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі**